МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №68 (6630) 29 шілде, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

АБАЙДЫ ҰЛЫҚТАУ – айналаны ұқыптаудан басталады

12

КЕҢЕС

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ:

екі өңірге ортақ өзекті мәселелер талқыланды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мен Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Алматы агломерациясы Жергілікті кеңесінің кезекті отырысын өткізді. Жиын барысында экологияны жақсарту, радиалды жолдарды Үлкен Алматы автомобиль айналма жолына (ҮААЖ) дейін жүргізу, сондай-ақ Алматы таулы кластерін дамыту мәселелері қаралды.

Дана САДЫРҚАН

Кездесу барысында тараптар радиалды жолдардың салынуы қаланың агломерациясы мен көлік байланысын жақсартып, мегаполистің орталық магистральдарындағы жүктемені азайтатынын атап өтті. Бүгінде қала мен облыс аумағында Абай және Рысқұлов даңғылдарын, Саин, Тілендиев, Солтүстік айналма және Мөңке би көшелерін ҮААЖ-на дейін ұзарту бойынша құрылыс жұмыстары жалғасуда.

«Кеңестің стратегиялық міндеттерінің бірі – Алматы агломерациясындағы көлік инфрақұрылымын дамыту. Сол себепті, қала шекарасына дейінгі көшелерді ұзарту және оларды облыс аумағында ҮААЖ-на дейін салу жұмыстарын жеделдету қажет», – деді Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды.

Сонымен қатар, облыс аумағында газ құю бекеттері бар автобус паркін салу қажеттілігі де атап өтілді. Бұл іс-шара Алматы қаласының Қалалық мобильділік басқармасына қала маңына қатынайтын бағыттарға газбен жүретін автобустарды іске қосуға мүмкіндік береді.

Биыл қала әкімдігі жеке автопарктермен бірлесіп, 1400 газбен жүретін автобус пен 118 электробус сатып алуды жоспарлап отыр. Бұл қалаішілік қоғамдық көлікті 100% экологияландыруға мүмкіндік береді (қала маңы және таулы бағыттардан басқа).

Агломерация аумағындағы ретсіз құрылыс мәселесі әлі де өзекті күйде қалып отыр. Қала шекарасына жақын орналасқан көпқабатты тұрғын үй құрылысы агломерацияның ядросы мен шет аймақтары арасындағы теңгерімсіздікті күшейтеді. Бұл көші-қонды арттырып, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымға қосымша салмақ түсіруде.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, өңірде қала құрылысы тәртібін жетілдіру жалғасады. Оның ішінде қала маңындағы тұрғын үй кешендерінің биіктігіне шектеу енгізу жоспарланып отыр. Қарасай, Талғар және Іле аудандарының бас жоспары әзірленіп жатыр, оларда әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның құрылуы қарастырылады.

«Алматы агломерациясы аумағында 3,2 миллионнан астам адам тұрады, оның 1,5 миллионы қала маңында. Агломерацияның өндірістік және туристік әлеуетінің дені Алматы облысында шоғырланған. Сондықтан барлық инфрақұрылымдық және әлеуметтік жоба үйлестірілген түрде іске асырылуы маңызды», – деп атап өтті Марат Сұлтанғазиев.

Кездесу барысында экологиялық жағдайды жақсарту мәселелері де талқыланды. Автокөлік – ауа бассейнін ластаушы негізгі факторлардың бірі. Қалада күн сайын экологиялық «Евро-0» санатындағы 172 мыңнан астам көлік жүреді. Осыған байланысты қалада стационарлық және мобильді экобекеттердің жұмысын күшейту жоспарлануда.

АҚЫЛДЫ ҚАЛА

КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКА

Алматы – Орталық Азияның инновациялық болашағына жол ашып отырған мегаполис

Креативті ой мен технология – дамудың қос қанаты. Алматыда бұл екі сала бір арнаға тоғысып, жаңа экономиканың іргесін қалауда. Бүгінде IT саласы жастардың қызығушылығын тудырып, бизнес пен мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болып отыр. Ендеше, жастар таңдайтын, бизнес сенім артар IT бағытының келешегі қандай?

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

НАҚТЫ НӘТИЖЕ

Алматы – еліміздегі цифрлық дамудың алдыңғы шебінде тұрған қала. Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының дерегіне сүйенсек, мегаполисте ірі жүйелік интеграторлардан бастап, жаңа бастау алған стартаптарға дейін көптеген IT-компания жұмыс істейді. 2022–2024 жылдарға арналған стартап-экожүйені дамыту бағдарламасы аясында 427 стартапқа қолдау көрсетілді. Олардың басым бөлігі түрлі білім беру, акселерация және инкубациялық бағдарламалар нәтижесінде құрылған.

3

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

TikTok

@AQSHAM_NEWS

www.aqshamnews.kz

9 772223 237006

ЭКОНОМИКА

ӘЛЕУМЕТ пен ӘЛЕУЕТ

ең басты қағида

Әлемдегі геосаяси жағдайды зерделесек, ғаламдық дағдарыс дүние жүзіндегі алпауыт державалардың іргесін де шайқалтуда. Глобализация – әлемді торлап барады. Сондықтан жаһандану дәуірінде жұтылып кетпеудің қамын осы бастан ойлаған абзал. Заман теңселіп тұрған қазіргі шақта Қазақ елі еңсесін тіктеп, әлеуметі мен әлеуетін түзеп келеді. Экономикадағы алыс-берісте, барыс-келісте жаңа технологияның арқасында еліміз дамудың жаңа деңгейіне шықты. Осы орайда еліміздің бүгінгі әлеуметтік-экономикалық бағыт-бағдары жайлы белгілі қаржы сарапшысы Айбар ОЛЖАЕВПЕН әңгімелескен едік.

Әділ қоғам – мемлекет тірегі

Жаңа бағыт-бағдарымыз – Әділетті Қазақстан. Біздегі барлық азаматтардың құқығы тең. Қоғамдағы санатына, деңгейіне қарамастан, барлық адам тең дәрежеде. Бүкіл қоғам арасындағы қатынастар, заң мен тәртіп әділетті болуы керек. Сонымен қатар, бекітілген заң міндетті түрде орындалуы қажет. Әділетті Қазақстанды құраушы фактор – заң мен тәртіп. Бұл белгілі бір адалдық, әділеттілік қағидатына сай келуі тиіс. Яғни тәртіп әділетті құрылып, соған сай жұмыс істелгені дұрыс. Кез келген азамат осы ортақ талапқа бағынуы керек. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бағынған ел – құл болмайды» деп бекер айтпаған. Бұрын белден басу болған болса, бүгінде барлық іс ашық түрде жасалады. Тіпті, сот процестері де онлайн, ашық форматта өтеді. Бұл үдерістерге қоғам оң бағасын беріп жатыр. Өзім «Әділетті Қазақстан» идеясын қолдаймын.

Әділ қоғам құра алмасақ – мықты мемлекет, қуатты экономика құру қиын. Бұл – дәлелденген аксиома! Экономикасы қарыштап дамыған елдерде әділетті қоғам, демократия, адам құқығы ұғымдары алға шыққан. Соның арқасында шетелде қоғам институттары тоқтамай, тоқырамай, дамып келеді.

Бұл біз үшін үлкен жаңалық

Үкімет басшысы өзінің орынбасарларымен бірге үлкен преес-конференция өткізді. 2025 жылдың алғашқы 6 айындағы экономиканың өсім жаман емес. Дәлірек айтқанда, ел экономикасы – 6,2 %-ға өсті. Бұл біз үшін үлкен жаңалық. Бұл жолы мұнай бағасының өсуімен экономиканы өсірген жоқпыз. Өңдеу өнеркәсібімен, логистиканы қолға алудың арқасында ел бюджетін еселедік. Бұл – ел экономикасының диверсификацияланғандығын көрсетеді. Әсіресе, көлік, құрылыс, ауылшаруашылығы, соның ішінде астық түсімі рекордтық түрде жүзеге асқан. Көлік қатынасы мен ауылшаруашылығы тығыз байланысты. Қытайдан транспорт арқылы Еуропаға көбірек тауар жөнелттік. Соның есебінен экономикалық өсім байқалды. Ең бастысы, өсім бұрынғыдай шикізат сатудан емес, өңдеуші саланы қолға ала бастағанымыздан артып келеді.

Алматы – ел экономикасының драйвері

Алматы – ел экономикасының әртараптанғандығының көрінісі. Мегаполисте ешқандай шикізат жоқ. Тек қана адамдарға қызмет көрсету, сервис, туризм бағытында дамып барады. Бір нәрсені дәйектеп айтып өтейін. Алматы – Қазақстан бюджетінің нөмірі бірінші донары. Нысаналы белгілі бір қаражаттар болмаса, қала ешқашан мемлекеттік қазынадан қаржы алып көрмеген. Қайта шаһар республикалық бюджетке қаржы береді. Алматыдан алынған – трансферт, басқа өңірге субвенция ретінде бөлінеді. Шын мәнінде, мегаполис ел экономикасының 5/1 бөлігін қамтамасыз етіп отыр.

Мәселен, Алматының ішкі өнімі Орталық Азиядағы кейбір елдермен бара-бар. Мұның өзі зор көрсеткіш. Сондай-ақ, шаһар агломерация үдерісімен де дамып отыр. Қаланың өзіне тән бизнес түрлері қалыптасып қалды. Дәлірек айтсақ, сервис, шикізаттық емес экономика, сауда сияқты шағын және орта бизнес үлесі өте мықты. Халық көп тұтынатын химиялық тауарлар, азық-түлік сынды керекті заттар бізде бар. Алматы ЖІӨ өнім бойынша баланс теңгерілімі өте жақсы аймақ.

Қазақстан экономикасын Алматысыз елестету мүмкін емес. Барлық экономикалық алғышарттар мегаполисте көрініс тапқан. Сондықтан қала ел экономикасының драйвері.

Инвестицияны көбірек тарту – ұтқырлық

Экономикасы қуатты көршілес елдер – Ресей мен Қытай. Орыстар да, қытайлар да біздің экономикамыздың құрылымын жақсы біледі. Олар бізде көп уақыттан бері жұмыс істейді. Сондықтан олардың қазақ нарығына деген сенімі өте жоғары. Сол себепті, инвесторлардың келе бергені дұрыс. АҚШ, Еуропа елдерінен де инвестиция бар. Бірақ олар біздің шикізаттық, әсіресе, мұнай мен газ секторына көбірек инвестиция салады. Ал Жапонияның инвестициялық саясаты мүлдем бөлек. Көбінесе жапондар Азия елдеріне қаржы құяды, бізді Еуропа деп санайды. Жапонияға ең бірінші кезекте арзан жұмыс күші қажет. Ал бізде ол жоқ. Біздің адамдар айлығы аз, шаруасы көп жұмысқа мойынсұнбайды. Қазақ-стан халқы көп емес. Ал арзан жұмыс күші халқы көп елдерде болады. Біздде әлем инвесторларының бәріне тең жағдай жасалған. Сол себепті, кез келген шетелдік инвестор жоба әкеліп кәсіп бастай алады.

Ең қуанарлығы, кейінгі кездері шикізатқа тәуелділіктен арылып келеміз. Өңдеу өнеркәсібінің, транспорттық қарым-қатынастың көбеюі, құрылыстың өсуі арқылы ел бюджетіне кіріс кіріп жатыр. Егер осы бағыттан таймасақ алдағы 20–25 жылда шикізаттық экономикадан арылып, бұйырса өңдеуші өнеркәсіпке көшіп қалармыз. Ақырындап аграрлық саланы қолдап, химия үлесін арттырып, тұрмыстық заттар өндіре бастадық. Бұл дегеніміз – көп векторлы экономикалық өсімнің көрсеткіші.

Бюджеттің 60%-ы әлеуметтік бағытқа бағдарланған

Ана капиталы – Ресей Федерациясындағы демографиялық ахуалды жақсарту үшін жасалған ақырғы мүмкіндік. Ол жақта демографиялық өсім құлдырап, бала туу көрсеткіші мүлде төмен жағдайға жеткен-тұғын. Сондықтан орыстар көпбалалы ананы қолдап, жағдайын жасап, әлеуметтік қамсыздандыруға көшті. Бізде ондай проблема жоқ деп ойлаймын. Қазақстанда демографиялық жағдай тұрақты. Бала туу көрсеткіші жоғары.

Әзірге «Ана капиталы» бағдарламасының орнын басатын басқа да әлеуметтік атаулы көмектер бар. Одан да ұлттық бағдарламалар жасаған жөн. Ресейге байланып, оған қарай беруге болмайды. Мемлекеттік бағдарламалар, қолдау бар. Әр балаға, көпбалалы анаға көмек қарастырылған. Біздің бюджеттің 60%-ы әлеуметтік бағытқа бағдарланған. Бюджетке түскен ақшаны көбінесе әлеуметтік төлемдерге жұмсаймыз.

Бұған дейін де ең төменгі айлықты көтеру төңірегінде әңгіме болған. Мұны бір-ақ күнде көтеруге болады. Бірақ ақшаны қайдан аламыз деп ойлану керек шығар. Онда бірден инфляция деңгейі көтерілетін болады. Мұның өскенінен ешқандай плюс болмайды, ел бюджеті минусқа кетеді. Сөйтіп, керісінше, халық кедейленеді. Сондықтан бұл фискалды шаруа. Егер салық көп жиналса, белгілі бір дәрежеде әлеуметтік төлемдерді көтере аламыз. Сондықтан жаңа «Салық кодексін» реттеп, қосымша құн салығын 16% мөлшерге көбейттік. Соның есебінен белгілі бір мөлшерде әлеуметтік төлемдердің көлемін ұлғайта аламыз.

Әрине, бір күнде бар мәселені шешіп тастау мүмкін емес. Мұндай ғажайып әлемде жоқ. Дейтұрғанмен, әсте елдің әл-ауқатын жақсарта беруге мүмкіндік мол.

Дайындаған
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ

Суретті түсірген Қанат КОНЫСБАЕВ.

КОНСТИТУЦИЯ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Ата Заңға құрмет – азаматтық жауапкершіліктің негізі

Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде ҚР Конституциясының 30 жылдығына орай «Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы» КММ-мен бірлескен «Ата Заң – тәуелсіздік тірегі» атты экскурсия өтті.

Дана САДЫРҚАН

Кездесудің мақсаты – қатысушылардың бойында патриоттық сезімді және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру, сондай-ақ егеменді мемлекетіміздің негізі Конституцияның қалыптасу жолын көрсететін архивтік құжаттармен танысу арқылы құқықтық мәдениетті арттыру болды. Кездесу аясында Қазақстан Республикасының қалыптасу және даму кезеңдерін бейнелейтін тарихи құжаттық көрме ұйымдастырылды.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Елдің негізгі заңы Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруға ұмтылысын бейнелеп, халықтың еркін өмірін айшықтайды. 30 жыл бұрын қабылданған Конституцияның арқасында республикада тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім орнады. Адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең басты құндылықтары ретінде бекітілді. Конституцияны әзірлеу мен қабылдау бейбітшілік пен ынтымақ жолында шешуші кезеңдердің бірі болғаны да тарихтан ләзім.

Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің ерекшелігі – мұнда тек тарихи құжаттар ғана емес, ел дамуына еңбек сіңірген тұлғалардың да жеке деректері сақталған. Соған орай көрмеде архив қордағы құнды құжаттар мен мұрағаттың қор құрушы тұлғаларының жеке тектік мәліметтері көпшілік назарына ұсынылды.

Іс-шара қатысушылары түпнұсқа архивтік құжаттармен танысып, экскурсияға қатысты, ел тарихындағы негізгі заңның маңыздылығы мен қазіргі қоғам өміріндегі рөлі туралы ой өрбітті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алтынай БАДАНБЕКОВА, Алматы қаласы Мемлекеттік архивінің құжаттарды ғылыми тұрғыда пайдалану және жариялау бөлімінің басшысы:

Тарихи құжаттық деректі сақтап қалу – басты мақсат

Бүгін Алматы Мемлекеттік архиві ҚР Конституциясының 30 жыл мерейтойына орай үлкен іс-шара өткізуде. Бұл іс-шараға Алматы қаласының мәдени және оқу орталықтарының шәкірттері қатысып отыр. Өскелең ұрпақты еліміздің егемендігіне қатысты құнды құжаттармен таныстырып, патриоттық сезімдерін ояту әрбіріміз үшін маңызды. Құжаттарды болашақ ұрпаққа аманат ретінде сақтап қалу – біздің басты мақсатымыз. Қазір құжат қоймалары заманауи түрде өрт қауіпсіздігіне сай жаңа техникалармен жабдықталған.

АҚЫЛДЫ ҚАЛА

КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКА

Алматы – Орталық Азияның инновациялық болашағына жол ашып отырған мегаполис

(Басы 1-бетте)

Аталған жобаларды іске асыру мен кеңейту нәтижесінде қалада 6900 жаңа жұмыс орны құрылды. Бағдарлама қорытындысы бойынша 16 стартап шетелдік нарыққа табысты шықты. Бұл – қала тарапынан жүргізілген жүйелі қолдау мен инновациялық экожүйені қалыптастыру жұмысының нақты нәтижесі.

Стартап-экожүйенің дамуы нәтижесінде Алматыда 6900 жаңа жұмыс орны ашылды. 16 отандық стартап шетелдік нарыққа табысты шығып, қазақстандық IT өнімдер әлемдік аренада сұранысқа ие бола бастады. Бұл – жүйелі қолдаудың нақты жемісі.

СЕНІМ КӨРСЕТКІШІ

Иә, сандар – сөздің дәлелі. Соңғы үш жыл ішінде Алматыдағы стартап жобаларға 19,2 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылған. Оның ішінде 3,26 миллионы – грант түрінде берілген қаражат. Бұл қаржы халықаралық акселераторлардан, бизнес-ангелдер мен жеке инвесторлардан келіп түскен. Бұл қаланың цифрлық хаб ретіндегі әлеуетін айқын көрсетеді. Бұдан біз шетелдік әріптестер мен инвесторлар Алматыдағы IT нарығына сенім білдіріп отырғанын көреміз. Бұл бағыттағы жұмыс жалғаса береді.

Алматы өз өнімдерін әлемдік нарыққа шығаруда да жоғары жетістікке ие. Мәселен, бүгінде қаладағы IT-компаниялар финтех, білім беру технологиялары, SaaS және жасанды интеллект салалары бойынша өнім шығарып, оларды ТМД елдеріне, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріне, Таяу Шығыс пен АҚШ-қа экспорттап жатыр. Бұл – Алматының креативті экономикада өзіндік орны бар екенін дәлелдейтін көрсеткіш.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА – IT САЛАСЫ АЛДА

Цифрлық даму адами капиталсыз мүмкін емес. Қазір IT саласы жастардың басты таңдауына айналды. Сұраныс жоғары, табыс тұрақты. Осыны түсінген Алматы билігі кадр даярлау ісіне ерекше назар аударып отыр. Қалалық бағдарлама аясында 1189 жас IT-маман оқытылып, олардың 601-і жұмысқа орналасты. Жастар тәжірибеден өтіп, нақты жобаларда жұмыс істеу арқылы шыңдалып келеді.

Сонымен қатар, студенттер мен түлектерге хакатондар, стартап уикендтер, инкубациялық бағдарламалар арқылы қолдау көрсетілуде. Мұның бәрі Алматыдағы жас мамандарға зор мүмкіндік туғызуда.

Соңғы жылдары талапкерлер арасында IT саласына қызығушылық күрт артып отыр. Алматыға арман қуып келген мектеп түлектерінің дені жоғары оқу орындарына құжат тапсырғанда, осы бағыттағы мамандықтарды таңдаған. Мұның себебі түсінікті: бүгінде еңбек нарығында IT мамандарына сұраныс бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті.

Еліміздегі жетекші жұмыс платформаларының дерегіне сүйенсек, жарияланған әрбір төртінші бос жұмыс орны IT саласына қатысты. Бұл көрсеткіш болашақ мамандықты таңдаушы жастардың да шешіміне әсер етпей қоймайды. Демек, жалақысы жоғары, жұмыс кестесі еркін әрі әлемдік еңбек нарығына жол ашатын бұл сала бүгінде жастар арасында кеңінен насихатталуда.

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерлан ДАВОВ,
«Almaty Creative» цифрлық креативті индустрия орталығы Бас директорының міндетін атқарушы:

ИНДУСТРИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Алматы – Қазақстандағы креативті индустрияның негізгі орталығы. 2024 жылы бұл салада айтарлықтай өсім байқалды: қалада креативті кәсіпорындар саны 10,1%-ға артып, 14,5 мыңға, жұмыс орындары 2,9%-ға өсіп, 26,3 мың адамға жетті. Ал салық түсімі 55%-ға ұлғайып, 83,6 млрд. теңгені құрады.

Қала дамуының стратегиялық жоспары бойынша, 2030 жылға дейін креативті индустрияның экономикалық үлесін 5%-ға жеткізу көзделіп отыр. Бұл мақсатта мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған, оның ішінде инфрақұрылыммен қамту да бар.

Қазір қалада Almaty Creative Hub жұмыс істейді. Онда «Замандас» подкаст лейблі, «Өзен» музыкалық студиясы, «Трансорма» және «Art-Көше» театрлары, медиа мектеп, кастинг агенттігі, сән үйі және басқа да шығармашылық ұйымдар секілді 14 резидент бар.

Хабтағы жобалар подкастинг, музыка, театр, кино, жарнама, дизайн мен білім салаларын тоғыстырып, жаңа медианы дамытуға жол ашты. Жаңа есімдер өнер сахнасына шығып, креативті құзыреттер бойынша оқыту жүйесі қалыптасып келеді.

Саланы одан әрі өркендету үшін биыл Қабанбай батыр көшесі, 83 мекенжайында жаңа креативті кеңістік іске қосылды. Сондай-ақ, 2025 жылы қалалық венчурлық қор құру және креативті индустрия өкілдеріне арналған жеңілдікпен жалға беру жобасын іске қосу жоспарланып отыр.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ: ДАМУДЫҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ

Қала әкімдігі «Алматы – цифрлы қала» бағдарламасын іске асырып, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруға, цифрлық инфрақұрылымды жақсартуға ден қоюда. Бұл бағдарламаның аясында бүгінде 46 мемлекеттік орган 300-ден астам қызметті онлайн түрде көрсетеді. Бұл – азаматтардың уақытын үнемдеуге, бюрократиялық кедергілерді азайтуға, сапалы кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық креативті индустрияның танымал өкілдері – Димаш Құдайберген, DJ Imanbek, режиссерлер Тимур Бекмамбетов, Айсұлтан Сейітов, суретші Қанат Нұртазин – өз еңбегімен әлемдік аренада ел имиджін көтеріп келеді. Оларды отандық шығармашылық индустрияның табысты дамуының айқын үлгісі деуге әбден болады.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЕРПІЛІСТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Технологиямен қатар Алматыда креативті индустрия да дамып келеді. Қалада подкаст, видеоөндіріс, сән, театр, цифрлық дизайн сынды 9 бағытта жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл тек жаңа контент шығару емес, сонымен қатар шығармашылықты кәсіпке айналдыру мүмкіндігін береді. Бейнеконтент өндірісі мен оқыту бағдарламалары бұл саланың жыл сайын 15%-ға өсіп жатқанын көрсетіп отыр.

Тәуелсіз сарапшы Айгүл Маратқызының айтуынша, ЮНЕСКО-ның зерттеулеріне сәйкес, табиғи ресурстарға бай емес елдер креативті индустрия арқылы экономикасын өрге сүйреп отыр. «Біз де сол жолдамыз. Өнімді экспорттаудың қажеті жоқ – сіздің талантыңыз әлемге желі арқылы тарай алады», – дейді сарапшы.

P.S.: **Қорыта айтқанда, Алматы – IT мен креативті индустрияның шоғырланған орталығы ретінде жаңа экономиканың, заманауи мәдениеттің және технологиялық серпілістің жарқын үлгісіне айналды. Инновация мен шығармашылыққа негізделген бұл бағыт жастарға – болашақ, кәсіпкерлерге – өсім, ал елге – даму мен жаңғырудың нақты жолын ұсынады.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ӘКІМ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

БАСТЫ МІНДЕТ – ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ:

көгалдандыруды күшейту, тазалық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен Медеу ауданының әкімдігімен кездесу өтті. Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланды.

«Тұрғындар ешқандай қолайсыздық көрмеуі керек»

Ауданда инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы бірқатар жоба қолға алынған. Атап айтқанда, «Атырау», «Таулы қырат», «Алатау», «Каменск үстірті» және өзге де шағынаудандарда су құбыры мен кәріз жүйелері салынып жатыр. Жылу тарату желілерін жаңғырту, көше жарығы жүйесін жаңалау және электрмен қамту кабель желілері ауыстырылуда.

Алматы қаласының әкімі барлық инженерлік жобаны жобалау мен жүзеге асыру жұмыстарын жеделдету қажеттігін атап өтті. Шаһар басшысы инженерлік желілердің тозу деңгейіне ерекше назар аударып, жұмыстардың сапасы мен орындалу мерзімін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Аулалардың ішкі инженерлік желілері де кешенді түрде жаңартылуға тиіс. Ал ЖЖ мекемесіне барлық қазу жұмысын күзге дейін аяқтау міндеттелді. «Ертең тұрғындар ешқандай қолайсыздық көрмеуі керек», – деді Дархан Сатыбалды.

«Мобильді топтар күн сайын бақылау жүргізуге тиіс»

Кездесу барысында ауданның санитарлық жағдайы да қалыс қалмады. Тұрмыстық қалдықты уақытылы шығармау, рұқсатсыз сауда орындарының пайда болуы, шағын сәулет пішіндерінің бүлінуі мен жол жабынының зақымдануы секілді мәселелер анықталған. Қала әкімі тазалық пен тәртіпті бақылауды күшейтіп, механикаландырылған тазалау жұмыстарын жандандыруды, қураған ағаштарды кесіп-тазалауды аяқтауды, сынған кеспе тас пен жарықтандыруды қалпына келтіруді тапсырды.

«Бұған дейін де айтқанмын, әр ауданда таңнан кешке дейін аумақтың жай-күйін бақылап отыратын мобильді топ құру керек. Мәселен, әл-Фараби даңғылының кей жерінде автоматты суару жүйесі көгалды емес, жолды суарып жатыр. Ең бастысы, біз қаржы бөлдік, мердігер бар. Алайда, кейбір ауданда әлі күнге дейін мердігер ұйымдарды анықтауға байқау өткізілмегені анықталды», – деді Дархан Сатыбалды.

Алматы қаласының әкіміне берілген есеп бойынша жыл соңына дейін ондаған аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылмақ. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында тұрғындардың бастамалары қолға алынған. «Тереңқұр» демалыс аймағын абаттандыру мен жасыл желекті қалпына келтіру жұмыстары да аяқталуға жақын.

Кездесу барысында ауданның жер бедерінің ерекшелігі және соған байланысты туындайтын қауіп-қатерлер мәселесі де көтерілді.

«Медеу – географиялық тұрғыдан ең күрделі аудандардың бірі. Мұндағы шағынаудандар тау бөктерінде орналасқан, аумақ сел жүру және өрт шығу қаупі жоғары аймаққа жатады. Бұл сіздердің жұмыстарыңыздың өзіндік ерекшелігін айқындайды. Мұнда өндірістік нысандар ашуды талап етпейміз. Басты міндет – тұрғындарға жайлы жағдай жасау: көгалдандыруды күшейту, тазалық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету», – деді Дархан Сатыбалды.

Кездесу қорытындысы бойынша қала әкімі жылыту маусымына уақытылы дайындықты қамтамасыз етуді, сел жүру қаупі бар тау бөктерлеріндегі өрттің алдын алу шараларын толық аяқтауды, заңсыз салынған нысандарды бұзу жұмыстарын күшейтуді және тұрғындардың өтінішін цифрлық платформа арқылы жедел қарауды тапсырды.

•Шаһар басшысы кездесу аясында Медеу ауданының тұрғындарын қабылдап, оларды толғандырған мәселелерді тыңдады. Тұрғындар су жүйесі, жеке секторды жарықтандыру, аулалардың санитарлық жай-күйі, мектеп қасбетін жөндеу және аулаларды көріктендіру жайын қозғады. Сонымен қатар, жаңбыр суын ағызатын кәріз жүйесін орнату, тротуарларды қалпына келтіру, әлеуметтік қолдау көрсету туралы ұсыныстар да айтылды. Әрбір өтінішке қатысты жауапты қызметтерге нақты тапсырма берілді. Барлық мәселе жіті бақылауға алынып, алдағы жұмыс жоспарына енгізілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЛАТАУ АУДАНЫ

ЖАҢА САЯБАҚ

жайлы қалалық орта қалыптастыруда ерекше мәнге ие болмақ

Алматы әкімдігі бизнес өкілдері мен ірі құрылыс компанияларын тартып, қаланы көркейту жұмыстарын және инфрақұрылымды дамыту ісін жалғастырып келеді.

Дана САДЫРҚАН

Әлеуметтік жауапкершілік қағидатын іске асыру аясында RAMS Qazaqstan құрылыс компаниясы Алатау ауданында, Момышұлы көшесінде, Д.Қонаев мешітінің қарама-қарсы бетінде 25 гектар аумақты қамтитын заманауи саябақ салуға 6 млрд. теңгеден астам қаржы құюды жоспарлап отыр. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 2025 жылы қыркүйекте басталып, 2026 жылы жазда аяқталмақ. Жаңа саябақ Алматының полицентрлік дамуы аясында жайлы қалалық орта қалыптастыруда ерекше мәнге ие болмақ. Жоба аясында саябақ аумағында көрікті жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары салынып, балалар мен спорт алаңдары, тыныш демалыс аймақтары мен заманауи ландшафтық дизайн элементтері жасақталмақ.

Жасыл желекке ерекше көңіл бөлініп, биіктігі 4–6 метрден асатын 500-ден аса ірі ағаш отырғызу көзделген.

Саябақ аймағы әр тұрғынның қажетіне сай ойластырылып, баламен серуендейтін отбасылардан бастап жастар мен қарттарға дейін барлық адамға қолайлы болмақ. Алматы әкімдігі әлеуметтік жауапкершілігі жоғары бизнес өкілдерімен бірлесіп, осындай жасыл желекке толы демалыс орындарын көбейтіп, қала тұрғындарына жайлы орта қалыптастыру ісін табанды түрде жалғастыра бермек.

Жаңа оқу жылы:

ҚОҢЫРАУ ҚАШАН СОҒЫЛАДЫ?

Жыл сайын 1 қыркүйек – Білім күніне орай еліміздің мектептерінде дәстүрлі салтанатты іс-шаралар өтетіні белгілі.

Рая ЕСКЕНДІР

Биыл Конституция күні (30 тамыз) сенбіге түсетіндіктен, демалыс күні 1 қыркүйекке ауыстырылады. Сондықтан жаңа оқу жылының салтанатты іс-шаралары ресми түрде жұмыс күні – 2 қыркүйекте өтетін болады. Сабақтар да 2 қыркүйектен басталады. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев 2025 жылғы 24 шілдеде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Министр атап өткендей, педагогикалық кеңес символикалық маңызы болғандықтан, 1-сынып оқушылары үшін сабақты 1 қыркүйекте бастау жөнінде шешім қабылдауы да мүмкін. Бұл мәселені мектеп басшылығы ата-аналармен келісе отырып шешеді. *«Ресми түрде жаңа оқу жылының барлық салтанатты іс-шаралары 2 қыркүйекте өтеді, өйткені бұл жұмыс күні»,* – деді Ғани Бейсембаев.

КЕРЕК ДЕРЕК

ҮЙ КЕҢЕСІ

не үшін керек?

Соңғы жылдары тұрғын үй саласында бірқатар өзгерістер мен реформалар жүргізіліп жатқаны баршаңызға мәлім. Енді әр көпқабатты үйдің басқару жүйесі жаңа тәртіппен реттеліп, тұрғындардың өздері шешім қабылдауға қатыса алады. Осы мақсатта ҮЙ КЕҢЕСІ деген ұғым маңызды бола түсті.

Үй кеңесі дегеніміз не?

Үй кеңесі – көпқабатты үй тұрғындарының өз арасынан сайланған өкілдері. Олар тұрғындар мен үйді басқаратын компаниялар, әкімдік, коммуналдық қызмет көрсетушілер арасында делдал болады. Кеңестің құрамы мен жұмыс мерзімі (әдетте 3 жыл) тұрғындардың жалпы жиналысында анықталады.

Немен айналысады?

• Үйді кім басқаратынын (мысалы, басқарушы адам не компания) таңдауға көмектеседі.

• Үйді басқаруға байланысты келісім-шарт жасайды.

• Қаражаттың қалай жұмсалып жатқанын бақылап отырады.

• Ай сайынғы және жылдық есептерді қарап, тұрғындарға түсінікті етіп жеткізеді.

• Үйдің жөндеу жұмыстары, төтенше жағдайлар, коммуналдық қызмет сапасы сияқты мәселелерге араласады.

• Тұрғындармен жиналыс ұйымдастырып, олардың пікірін жинайды.

• Коммуналдық қызметтердің сапасын бақылап, үзіліссіз жеткізілуін қадағалайды.

• Келісім-шарттардың орындалуын тексереді.

• Тұрғындардың ұсыныс-шағымдарын жинап, тиісті органдарға жеткізеді.

• Жиналыс хаттамаларын толтырып, дауыс беру нәтижелерін тіркейді.

Әр тұрғын ортақ іске үлес қоса алады

Тұрғын үй саласындағы реформа тұрғындарға өз үйлерін басқаруға белсене араласуға мүмкіндік береді. Бұрын барлық шешімдерді басқарушы компаниялар қабылдаса, қазір әр тұрғын өз дауысымен ортақ іске үлес қоса алады. Үй кеңесі – осы өзгерістің басты тетігі. Қорыта айтқанда, Үй кеңесі – тұрғындардың өз үйіндегі жағдайға араласуының, тәртіп орнатуының және өз мүлкіне ұқыппен қарауының ең тиімді жолы. Егер әр тұрғын белсенділік танытса, үйдегі өмір сапасы арта түседі.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Құрылыс кодексі жобасы:

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

жан-жақты талқыланды

Қоғамдық кеңес алаңында №2 комиссияның ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі жобасын талқылауға арналған «Дөңгелек үстел» өтті. Басты тақырып ретінде Қазақстан Республикасының жаңа Құрылыс кодексі жобасы талқыланды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Дөңгелек үстелге» Мәжілістің Кодекс жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері, депутаттар – Мұрат Әбенов, Бақытжан Базарбек және Динара Наумова, Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, оның ішінде мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев, Алматы қаласының Қоғамдық кеңесі мен Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның мүшелері, Қазақстан құрылыс саласы қауымдастығының, ҚР Ұлттық жобалаушылар қауымдастығының, жобалау ұйымдарының өкілдері, ҚР Индустрия және құрылыс министрлігінің мамандары және Кодекс жобасының әзірлеушісі – «ҚазҚСҒЗИ» АҚ мамандары қатысты.

Қатысушылар жаңа Кодекстің негізгі ережелерін жан-жақты талқылап, оның құрылыс саласы ғана емес, жалпы елдің қала құрылысы саясаты үшін де маңызын атап өтті. Талқыланған мәселелердің қатарында: инклюзивтік және қолжетімді орта қағидаларын енгізу, «Адамдарға арналған қалалар» тұжырымдамасын жүзеге асыру, мәдени және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігін қамтамасыз ету, сейсмикалық қауіпсіздік пен инновациялық құрылыс технологияларын қолдану, елдімекендерді реновациялау, жаңғырту және қайта құрылымдау өзге де мәселелер бар. Сонымен қатар, қатысушылар Кодекс жобасының атауын өзгертіп, оны тек «Құрылыс» емес, «Қала құрылысы кодексі» деп атауды ұсынды.

Талқылау қорытындысы бойынша ұсыныстар жинақталып, құжатты қоғам пікірін ескере отырып жетілдіру үшін жұмыс тобы мен тиісті органдарға жолданады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақытжан БАЗАРБЕК, Кодекс жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі, депутат:

Халықтың өмірі бәрінен маңызды болуы тиіс

Осы уақытқа дейін құрылыс секторын тым көтермелеп, компаниялардың заңды белшесінен басуына жол беріп алдық. Соның салдарынан бақылау әлсіреді. Енді жаңа кодексте ең алдымен сәулет және қала құрылысы саласында бақылауды күшейтеміз.

Алматы қаласының статусы ерекше болғандықтан, заңда таудың бөктері туралы нақты мәртебе көрсетілмеген. Қай жерде құрылыс салуға болады, қай жерде болмайды деген талаптар жоқ. Сол үшін Құрылыс кодексінде таудың бөктеріне қатысты жеке бөлім болады. Бұл жерде сел қаупі, лай көшкіні қаупі бар аймақтар ерекше қаралады. Кеңес Одағы кезінде мұндай жерлер тек бау-бақшаға ғана берілген. Қазір өкінішке қарай, таулы аймақтарда үлкен, көпқабатты коттеджде, демалыс орындары салынып жатыр. Жер сілкінісінде немесе қатты жауын-шашында ол жерлерде адам шығыны көп болуы мүмкін. Сондықтан сел және лай көшкіні қаупі бар аймақтарда құрылыс объектілерінің параметрлерін шектеу, қабат санын белгілеу, заңсыз құрылысты тоқтату тетіктерін енгізуді ұсынамын. Егер параметрлерден асып кетсе, қабылдауды тоқтатып, құрылысты заңсыз деп тану қажет.

Алматы сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан. Басқа елдерде, мысалы, Жапонияда, құрылыс компаниялары сейсмоқауіпсіз технологияға инвестиция құяды. Бізде көп жағдайда үйдің беріктігі емес, көрінісі мен орны маңызды саналады. Сейсмоқауіпті аймақтар мен тектоникалық бұзылыс аумақтарында үш қабаттан жоғары үй салуға тыйым салу керек. Қазір тіпті алты қабатқа рұқсат беріліп отыр, бұл дұрыс емес. Сондай-ақ, арнайы уәкілетті органға –ГАСК-қа – сейсмоқауіптілік пен құрылыс нысандарын тексеруге толық өкілеттік беру керек.

Үшіншіден, сейсмикалық микроаймақтық карта жасау және бас жоспарды нақтылау керек. Апат айтып келмейді. Қазірден бастап заңды күшейтіп, жауапкершілікті арттырып, қауіпсіздік технологияларын міндеттеуіміз керек.

Басты мақсат – адамның өмірін қорғау. Бизнеске, құрылыс компанияларының жұмысына қайшы келсе де, халықтың өмірі бәрінен маңызды болуы тиіс.

БРИФИНГ

«ТҮНГІ ҚАЛАДАҒЫ БАЛАЛАР»

Алматыда жасөспірімдер құқықбұзушылығымен күрес күшейді

27–29 шілде аралығында Алматыда «Түнгі қаладағы балалар» республикалық жедел-алдын алу іс-шарасы өтіп жатыр. Алматы қалалық Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Айтан Елеусізов Өңірлік коммуникациялар қызметінде осы туралы баяндады.

Спикердің айтуынша, іс-шараның басты мақсаты – кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алып, түнгі уақытта бақылаусыз жүрген балаларды анықтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» заңын бұзғандарды жауапқа тарту.

Алматыда ювеналды полиция инспекторлары мен учаскелік полицейлерден тұратын арнаулы топтар құрылып, алғашқы күннің өзінде едәуір заңбұзушылықтар анықтаған: кәмелетке толмаған 137 баланың сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүргені анықталды. Ата-аналары Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 442-бабының 2-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 163 жасөспірім мән-жайды анықтау үшін полиция басқармасына жеткізілді, 10 жасөспірім профилактикалық есепке қойылды, кәмелетке толмағандар ішімдік ішкен 9 факт тіркелді, 6 ойын-сауық мекемесінің түнде балаларды кіргізіп, заң бұзғаны анықталды.

Полицейлердің айтуынша, осы іс-шара алғашқы күннен-ақ айтарлықтай нәтиже берген. Қаладағы жағдайды бақылау күшейіп, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті жағдайда тұрған отбасылармен жұмыс жанданды.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айтан ЕЛЕУСІЗОВ, Алматы қалалық Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары:

Бір реттік акция емес

Ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жасөспірімдермен әңгімелестік. Біз заң бұзған ойын-сауық орындарын да тіркеуге қойып, әр істі қарап, қолға алып жатырмыз.

Түнгі рейдпен қатар оқу орындарында, жастар орталықтары мен әлеуметтік желілерде түсіндіру жұмыстары жүргізіле бастады. Онда балалар мен ата-аналарға іс-шараның мақсатын айтып, заң бұзған жағдайда жауапқа тартылатыны туралы ақпарат беріледі.

«Түнгі қаладағы балалар» – бұл бір реттік акция емес, балалардың құқығын қорғап, қараусыз қалудың алдын алып, үй-ішіндегі қолайсыздықтың, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу бойынша жасалып жатқан жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Әсіресе, жазғы демалыс кезінде мұндай рейдті үзбей өткізгелі отырмыз.

СЕМИНАР

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

белсенділік пен бірлік алаңы

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен Халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Азаматтық қоғам мен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру, оқыту семинарлары өтті. Семинарларға Алматы қаласының 8 ауданының белсенді тұрғындары, ҮЕҰ, ҚХА, кәсіподақтар, партиялар мен басқа да өкілдер қатысты.

Дана САДЫРҚАН

Теориялық және практикалық бөлімдерден тұрған оқыту іс-шараларына қатысқан лектор-тренерлердің қатарында сертификатталған тренер, Азаматтық орталықтың жетекші сарапшысы, «Қоғамдық жоба» мекемесінің басшысы Александр Братенков және Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Ермек Қожамсүгіров те болды.

Диалог – дамудың кілті. Билік пен халық арасындағы байланысты нығайта түсу үшін мұндай іс-шаралар қажет-ақ. Семинар барысында билік пен қоғам арасындағы өзара іс-қимыл, қоғамдық бақылау туралы заң, ашық диалог және осал топтарға арналған мемлекеттік қолдау жан-жақты қарастырылды.

Мәселен, «Азамат – Әкімдік – ҮЕҰ: Үшжақты диалог моделін дамыту» тақырыбы – Алматы қаласындағы азаматтар, жергілікті билік және үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара әрекеттестікті нығайтуға бағытталған. Тақырып аясында «Азамат – Әкімдік – ҮЕҰ» үшжақты келіссөз моделін симуляциялау ұйымдастырылу көзделді. Азаматтар, жергілікті атқарушы орган және ҮЕҰ өкілдері бір үстел басында пікір білдіріп, ортақ шешім қабылдау тәжірибесін пысықтады.

«Семинар мақсаты – сындарлы диалог орнату тәжірибесін көрсету, қатысушылардың дәлелді пікірін тыңдау, келіссөз жүргізу дағдыларын дамыту. «Диалог үстелі» атты рөлдік ойын барысында қатысушылар азамат, әкімдік және ҮЕҰ рөлдерін сомдап, ортақ мәселені талқылап, өзара түсіністікке келу жолдарын іздеді. Іс-шара билік пен азаматтық қоғам арасындағы коммуникация құралдары арқылы тұрақты байланыс орнатудың тиімді тетіктерін көрсетуге бағытталған», – деді іс-шара ұйымдастырушысы, Халықаралық «Жанашыр» қорының президенті Жаңыл Әпетова.

Сонымен қатар, е-Өтініш платформасы арқылы өзекті мәселені көтеруге арналған практикалық сабақ өтіп, қатысушылар электронды форматта өтініш жазып үйренді, билікке дұрыс әрі тиімді түрде жүгінудің оңтайлы жолдарымен танысты.

ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ!

«ӘДІЛЕТ ПЕН ПАРАСАТ ЖОЛЫ»

Ата Заң – біздің бағдаршам. Заң үстемдігі – ел еңсесін көтереді

Алматыдағы А.Чехов атындағы орталық кітапханада Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған «Әділет пен парасат жолы» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті. Ата Заңға құрмет ретінде көрермен залына әскери жас сарбаздар еліміздің Мемлекеттік Туын салтанатпен алып кірді. Әнұран орындалды.

Нұржамал ӘЛІШ

«Дөңгелек үстел» басындағы диалогтың беташар сөзін сөйлеген Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Расул Ахметов Конституциямыздың маңыздылығына тоқталды. Профессор, Ұлттық заң академиясының академигі Ақылбек Исабеков, ақын, ғалым Әділғазы Қайырбеков, Алматы қалалық адвокаттар алқасының мүшелері – Бауыржан Сералин, Руслан Қансейтов, Тимур Рахымбай, Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институтының қызметкері, аға лейтенант Мөлдір Ақжолқызы және тағы басқа да меймандар ой өрбітті.

Жиналған қауымға А.Чехов атындағы орталық кітапхананың қызметкері Сымбат Асанова оқырман залында ұйымдастырылған «Ата Заң – мемлекет тірегі» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

Ата Заң – мемлекеттілігіміздің мызғымас тірегі әрі еліміздің саяси және қоғамдық құрылысын, айнымас құндылықтары мен даму жолындағы стратегиялық бағыт-бағдарын айқындайтын басты құжатымыз. Ол бүгінгі отыз жылдық белесінде ұлтты ұйыстырудың нағыз символына айналды. Сондай-ақ, елдің саяси жүйесін демократияландыруды, заң үстемдігін қамтамасыз етуді және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін ауқымды өзгерістердің берік тұғыры саналады.

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты:

БИІК МҰРАТТАР ТОҒЫСЫ

Ата Заң – біздің бағдаршам. Әрбір адам оның биік мұраттарын қолдай білуі керек. Ал заң, тәртіп бар жерде өмір де мәнді болады. Осы Конституцияны оқып отырған кезде көңіліме әркез жылы ұшырайтыны – тоғызыншы бабы. Онда Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы және Гимні туралы сипаттама беріледі және оларды ресми пайдалану тәртібі конституциялық заңмен белгіленгені көрсетілген. Шыны керек, маған әртүрлі жиындарда кішкентай балдырғандардың қолында желбіреп тұратын кішкентай ғана көк жалаушаның өзі де шабыт береді, көңілімді асқақтатады. Гимн орындалғанда, үлкен-кіші алақанын жүрек тұсына қоятын сәт те ерекше. Әрқайсымыздың жүрегімізде осындай патриоттық сезім ұялған болса, біз алмайтын қамал болмасы анық. Жас ұрпақ қасиетті рәміздерімізді әркез қадірлеп жүрсе екен деген тілегім бар.

Айдос БЕКТҰРСЫН,
жас маман, Қазақстан жазушылары кітапханасының қызметкері:

МӘДЕНИЕТ ПЕН БІЛІМ АЛАҢЫ

Ата Заңымыздың он тоғызыншы бабы азаматтардың мәдениеті мен білім алу құқына кепілдік береді. Ал бұл жолда біз секілді кітапхана қызметкерлері де үлкен үлес қосып жүр. Кітапхана – сөресінде кітаптар жиналып тұрған орын ғана емес, сонымен қатар ол – ақпараттық, мәдени және әлеуметтік кеңістік. Біз оқырмандарға кітаппен бірге, білім, идеялар және жаңа мүмкіндіктер ұсынамыз. Мүмкіндігі шектеулі тұрғындарға да ерекше жағдай жасалған.

Яғни Ата Заң міндеттегендей, цифрландыру бағдарламасы арқылы барлық оқырманға электрондық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз еттік. Жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге бағытталған тың жобаларды жүзеге асыру жолға қойылған. Біз азаматтардың ақпараттық сауатын арттыруға көмектесеміз. Білім іздеген студенттер үшін – оқу залы, зейнеткерлер үшін – әлеуметтену орталығы, ал мектеп оқушылары үшін – интеллектуалдық ой-өрісін дамытуға жол ашатын алаң ұйымдастырылған. Демек, Конституция – бұл тек құқықтық құжат емес, біздің жарқын болашағымыздың кепілі.

МЕРЕЙ

«СЫРЛЫ СӨЗДІҢ СЫРБАЗЫ»

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, әдебиеттанушы, профессор Нұрдәулет АҚЫШ – 75 жаста!

Алматы қаласының А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханасында белгілі қаламгердің 75 жасқа толуына арналған «Сырлы сөздің сырбазы» атты әдеби-танымдық кеш өтті.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Іс-шараның мақсаты – жастар арасында көрнекті қаламгердің шығармашылығын кеңінен насихаттау.

Кешке ақын, ҚР мәдениет қайраткері Төреғали Тәшенов, Riviera International School by Quantum-ның қазақ тілі мұғалімі Жібек Құсайынова, сондай-ақ Абай атындағы ҚазҰПУ-дің оқытушысы Өміртай Еділханұлы, кітапханашылар, оқырман қауым, студент жастар қатысты.

Жиында қаламгер Нұрдәулет Ақыш шығармалары талданып, ондағы айтар ой, парасатты пайымдар, қазақи болмыс жайында бірқатар пікірлер айтылып, сараптама жасалып, ән шырқалып, сауалдар қойылып, сондай тамаша кеш ұйымдастырылды.

– Нұрдәулет ағаның адамгершілік қасиеті жоғары. Үлкенмен де, кішімен де сыйласып, араласып-құраласып жүреді. Жастардың жанашыры. Нағыз сөзі мен ісі қабысқан адам. Сондай игі қасиеттерінің арқасында оқырманы шығармаларын сүйіп оқиды, ел-жұрты қадірлейді. Ғылым мен шығармашылықты қатар ұстап жүрген еңбекқор тұлға, – деді фольклортанушы Олжас Мұратбекұлы.

Сонымен қатар, шығармашылығын бағалап, сыйлап-құрметтеп келген жұртқа М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бас ғылыми қызметкері, көрнекті қаламгер Нұрдәулет Ақыш жылы лебізін білдірді.

– Кітапқа құмартып жүріп өсіп-жетілдік. Әңгімемен қатар, өлең де жазғанмын. Қиялдап жазғаннан гөрі, шынайы болған оқиға желісімен жазғанды құп көремін. Сонда шығарма тартымдырақ шығады. Осылайша әдебиет айдынына, ғылым жолына қарай бет бұрып, осы салада қызмет атқарып келеміз. Шығармамды оқып, пікір айтып, жалпы қолдау білдіріп жүрген жандарға алғысымды білдіремін, – деді ол.

ДІН МЕН ДӘСТҮР

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Бұл – әр азаматтың сенім бостандығына, ар-ождан еркіне кепілдік беретін басты қағида. Мемлекеттің негізін құрайтын осы құндылықтар – азаматтық келісім мен қоғамдық татулықтың тірегі. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан: «Біздің қазақ дін ісін көркейтетін болса – үкімет ісін бөліп қойған оң болады», – деген екен. Алаш арыстарының мұраты – ұлттық тәрбие мен заманауи технологияны ұштастыра отырып, қоғам игілігіне бағыттау еді. Алайда, бүгінгі таңда пайданың соңынан қуып, рухани негізімізді шетке ысырып бара жатқандаймыз. Осы және өзге де мәселелер туралы дінтанушы, теолог Нұрлан БАЙЖІГІТҰЛЫМЕН сұхбаттасқан едік.

«ҰЯТ ӨЛГЕН ЖЕРДЕ ҰРПАҚ БҰЗЫЛАДЫ

Қазақы тәрбие – отбасынан, ұлттың келбеті – киімнен басталады»

НИҚАБ ПЕН НИЕТ: ДІН ДЕ, ЗАҢ ДА ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАЛАЙДЫ

– Жақында тұмшаланып жүруге тыйым салынған заң қабылданды. Бұл шешімге көзқарасыңыз қандай?

– Қабылданған заң – қоғамда ұзақ жылдардан бері қордаланған алаңдаушылыққа жауап болды деп ойлаймын. Өкінішке қарай, кейбір дін жолындағы бауырларымыз бұл шешімнің мән-маңызына терең бойлай алмай отыр. Олар «ниқаб неге қауіп төндіреді?» деген сұрақты жиі қояды. Ақиқатында, мұның барлығы – баршамыздың қауіпсіздігіміз үшін жасалып жатқан қадам. Мәселен, Иорданияда ер адамдар ниқаб пен химар жамылып, 170-тен астам қылмыс жасағаны белгілі – ұрлық, тонау, қарулы шабуыл секілді. Осындай жағдайлардың біздің елде қайталанбасына кім кепіл? Сондықтан мемлекет тарапынан жасалған бұл әрекетті құптаймын. Киім үлгісіне келер болсақ, қазақы киімнің заманауи нұсқасын жасау қиын емес, тек соған бет бұруымыз қажет. Оны бірінші болып кім киеді? Бәріміз. Мәселен, әжелеріміздің кимешекпен рекорд жасауы – бүгінгі аға буынға үлкен ой салуы тиіс. Дегенмен, бұл киімдер рекорд үшін немесе сән қуалап, не тойдың жасауы үшін ғана қолданылып, сандыққа түсіп қалмауы керек. Ұлттық киім – күнделікті тұрмысқа енген кезде ғана өз миссиясын орындайды. Бірақ ең маңыздысы, сыртқы кейіп емес, ішкі мазмұн. Киім – адамның рухани бейнесінің көрінісі. Мәселе – сыртқы түрге емес, киімнің ішіндегі жан мен оның әдебінде. Қазақы нақыштағы киімді 30 жылдан бері киіп келемін. Бұл – сән үшін емес, жүрегімнің қазақ болып соғуына байланысты таңдау. Егер ішіміз қазақ болмаса, сыртымыз қазақ болып не пайда?

– Қоғамда ашық-шашық киініп, арұяттан аттайтындарға қатысты мәселе көптен бері айтылып жүр. Бірақ осыған қоғам тарапынан нақты қарсылық танытылды ма? Әлде, біз өзіміз сол үдерісті үнсіз бақылап қала бердік пе?

– Дәл солай. Бұл мәселеде біз біржақты пікір айтып, қоғамды кінәлай беруден аулақ болуымыз керек. Қоғамның белгілі бір бөлігі ар-ұят шеңберінен шығып кеткені рас. Бірақ осы үрдіс басталғанда, оған қарсы «қой» деген кім болды? Әлеуметтік желіде дау туғанда, қандай да бір қоғам белсендісі, қайраткері, үлкені, анасы немесе әкесі шығып, «бұл ұят» деп айтты ма?

Тіпті, тойларда ер-азаматтар шалбары айырылып кеткенше секіріп, әйелдер екі аяғын айырып, жерде аунап жатса да, ешкім қарсы сөз айтпады. Асабасы, той иесі, не болмаса бір үлкен кісі тоқтатқан жоқ. Өйткені, бұл көріністер халықтың өзіне ұнап тұр, оны қызық санайды. Мұны көріп, кейбір имамдар, молдалар халыққа қаттырақ үн қатып, ар-ұятқа шақырғанда, оларды «садақаға тоймайтындар» деп сөкті. Соңында дінге қарсы сөздер айтылды. Енді не деуге болады? Сізде жауабы бар ма?

– Мемлекетіміз зайырлы екенін, дін мен ар-ождан бостандығы Конституцияда кепілдендірілгенін ескерсек, тұмшалану мәселесін заң арқылы реттеу қаншалықты орынды? Ашық-шашық киім үлгісінің көбейіп кетуіне не себеп?

– Қазақстан Конституциясына сәйкес, әр азаматтың діни сенім бостандығына құқығы бар. Сондықтан елімізде шариғат жолымен киінемін дегендерге ешкім кедергі келтіріп отырған жоқ. Алайда, бетперде киіп, қылмысқа баратындарды шектеу – бұл заңның басты мақсаты. Заң тұмшалануды емес, қауіпсіздікке нұқсан келтіретін жайттардың алдын алуды көздейді.

Ал ашық-шашық киіну үрдісінің өршуіне өзіміз себеп болдық. Әу баста әуретті жерлерін ашып-шашып жүргендерге тоқтау салмадық. Сонда бәріміз қайда қалдық? Бұл – қоғамның ортақ жауапкершілігі. Ұят өлген жерде ұрпақ бұзылады. Қазақы тәрбие – отбасынан, ұлттың келбеті – киімнен басталады.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК ЕМЕС, РУХАНИ ТЕҢГЕРІМ ҚАЖЕТ

– Қоғамда демократия, гендерлік теңдік, әйел мен баланың құқығы жиі айтылып жүр. Ал ер адамның құқығын кім қорғайды деген заңды сұрақ туындайды. Осыған сіз не дейсіз?

– Гендерлік саясат дегеніміз – ер мен әйелдің теңдігін қамтамасыз ету. Ол ешкімді ұлтқа, жынысқа немесе нәсілге қарап бөлмейді. Керісінше, әділеттілікті орнатуды көздейді. Ер адамның да құқығы толықтай қорғалуға тиіс. Бірақ мәселенің түп-төркіні – өзіміздің ер-азаматтарда.

Егер ер-азамат рухани тұрғыдан құламаса, өзін-өзі кемітпесе, ешкім оны құлата алмайды. Әйелін қорғамаған, әділетсіздік көрсеткен, ұрып-соққан, балағаттап, тіпті балталаған еркектер бар. Баласының көзінше әйеліне тіл тигізіп, ұрпағын тастап кетіп, алименттен жалтарып жүргендер жеткілікті. Осындай еркектерге не айтуға болады? Тіл қайыру керек болса, алдымен соларға айту керек.

– Ақын Мұхтар Шахановтың өлеңінде «Әйел алып, бала табу – ақылды керек етпейді» деген жолы бар. Сіздіңше, отау көтерген жастарға қандай ақыл-кеңес айтасыз?

– Жастарға үнемі айтып жүрген бір кеңесім бар: өмірлеріне өтірікті араластырмасын. Ауыздан шыққан әр өтірік – сіріңкенің тұтанған шырпысындай. Өйткені, өтірік – от, ал от – өрт. Ол арадағы сенімді күлге айналдырып, әділетті жояды. Қазіргі көп отбасылардың ажырасу себептерінің тоқсан пайызы осы өтіріктен басталады.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗІ

– Жаһандану заманында ұрпақ тәрбиесін смартфоннан, интернеттен алып жатқандаймыз. Өмір көрген, түйгені мол адамдардың ақылын тыңдай бермейміз. Бұл үрдістің түбі неге апаруы мүмкін?

– Рас айтасыз. Әлеуметтік желіде әркім өз өмірін жылтырата көрсетіп, кейде шынайы емес бейнелермен жұртты қызықтырып отыр. Бұл, әсіресе, жас буынға әсер етуде. Тіпті, кеше ғана пайда болған ChatGPT атты нейрожелі де халықты өзіне байлап, бәріне жылдам жауап беріп, кеңесшіге айналып барады.

Бірақ бұл – қауіпті құбылыс. Өйткені, осының салдарынан ұрпақ пен ұрпақтың, үлкен мен кішінің арасындағы алтын көпір үзіліп жатыр. Әкенің ақылы – балаға, ананың сөзі – қызына, үлкеннің тәрбиесі – кішіге өтпей қалды. Адам мен адамның арасындағы шынайы мәміле жоғалуда. Егер әр қадамы мен шешімін ChatGPT немесе басқа жүйе арқылы жасап отырса, онда адам бірте-бірте роботқа айналып кетпей ме? Бұл туралы ойланатын кез келді.

– Қазіргі таңда ата-анасын тыңдамайтын бала, ата-енесін сыйламайтын келін көбейіп барады. Мұның себебі неде, шешімін қалай табуға болады?

– Бұл сұрақтың шешімі бар, бірақ ол көпшіліктің көңіліне жақпай қалуы мүмкін. Себебі, кінәнің басым бөлігі – үйдегі бала мен сырттан келген келінде емес. Егер мен солай десем, көптеген ата-аналар мен енелер ренжуі мүмкін. Алайда, ата-бабамыз: «Баланы – жастан, қатынды – бастан» деп бекер айтпаған. Бұл сөз – ата-ана мен ата-енеге арналған. Яғни екеуін де басынан бастап тәрбиелеу керек дегенді білдіреді.

Егер өз баласына сөзі өтпейтін ата-ана болса, жаңа ғана келін болып түскен адамға қалай әсер ете алады? Құртақандай балаға сөзі өтпеген адамның үлкен келінге шамасы жете ме? Ата-ана өз отбасында дәстүр мен тәртіп орната алмаған болса, өздері үлгі бола алмаса, арақ ішіп, аузынан боқтық кетпесе, істеген ісі күнәға толы болса, ол үйден шыққан бала тыңдай ма, келін тұрақтай ма?

Сондықтан әр ата-ана – баласына үлгі, әр ата-ене – ұлы мен келініне белгі болуы тиіс. Сол кезде ғана әркім өз орнын біледі, отбасы да, қоғам да оңалады.

ӘЙЕЛ АШУЛАНСА, ЕР НЕ ІСТЕЙДІ?

– Әйел ашуланғанда ер-азамат қандай әрекет жасауы керек? Жалпы, ер адамның жар көңілін табудағы ең ұтымды жол қандай?

– Ер мен әйел – табиғаты екі түрлі жаратылыс. Бұларды оңтүстік пен солтүстіктің ауа райымен салыстыруға болады. Бірі – ыстық, бірі – суық. Яғни Алла Тағала әйелді мейірімге, сезімге, қуатқа бай етіп жаратса, жүрегін ерекше нәзік еткен. Ал керісінше, ер адамға суыққанды сабыр мен салмақтылық беріп, жүрегін мықты, қайратты етіп жаратқан.

Мұның өмірдегі мысалын бәріміз білеміз: әке кейде туған баласын тастап кете алады. Ал ана қандай қиындыққа тап келсе де, баласын жаны үшін тастамайды. Сонысымен әйел – энергия көзі, ал еркек – күштің иесі.

Сол себепті, әйел ашуға мінгенде бойындағы қуатын эмоция арқылы сыртқа шығарады. Егер бұл қуатты дер кезінде шығаруға мүмкіндік болмаса, ол электрлі бұрғыдай ерінің миын тесіп жібере жаздайды. Осындай сәтте ер адам күшке салып, дауыс көтерсе немесе қарсы шабуылға шықса, әйелдің сол қуаты басылып, мүлде сөніп қалуы мүмкін. Ал қуаты өшкен әйел – ішкі жан-дүниесімен күйреп, отбасынан суынады.

Ендеше, бұл – күш пен қуаттың текетіресі. Мұндай жағдайда Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз көрсеткен бір-ақ жол бар: ер адам әйел ашуланғанда, сабыр сақтап, сыртқа шығып кетуі керек. Сәл серуендеп, мешітке барып намаз оқып, дұға жасап, үйіне тыныш күйде оралғаны жөн. Сосын әйеліне шағын ғана сыйлық, балаларына тәтті-пәттілерін ала келсе, ол – жүректі жұмсартатын ізгі қадам. Оған жылы сөз қосылып, «Жаным, күнім, сені жақсы көрем» деген ілтипатпен құшағына алса, әйелге керегі сол емес пе?

Шын мәнінде, әйелдің көңілін жылу табады, ердің көңілін сезім толқытады. Екеуінің арасындағы махаббат – отбасылық өмірдің отыны. Ол от сөнбеуі үшін кейде үрлеп, кейде қайта жағып отыру қажет. Балаларын ортаға алып, өткен күндерін еске түсіріп, болашаққа мақсат қойып, бірге жоспар құру – осының бәрі отбасының бекемдігін арттырады.

Әңгімелескен
Олжас
ЖОЛДЫБАЙ.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ұлт мәдениетінің жауһарлары Алматы қаласында көп шоғырланған десек, ешкім қарсы уәж айта қоймас. Әдебиет пен өнердің майталмандары, ел тұтқасын ұстаған қайраткер азаматтардың мұрасы, дәуірлердің куәгері саналатын тарихи ғимараттар, іргелі музейлер, ұлттық театрлар – осы сөзіміздің дәлелі. Алматының мәдени тыныс-тіршілігін көпке танытып, насихаттап жүрген азаматтар аз емес. Қоғамдық жұмыстарда белсенді, қаламыздағы тарихи-мәдени жәдігерлерді жұртшылыққа таныстыру ісінде өзіндік стилін қалыптастырған сарапшы Алёна ТИМОФЕЕВАМЕН сұхбаттасқан едік.

АЛМАТЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТУРИСТІК ХАБҚА АЙНАЛУ ӘЛЕУЕТІ ӨТЕ ЖОҒАРЫ

Тұрғындардың мәдени өнімдерді тұтыну белсенділігі артты

– Алматы қаласы – еліміздің мәдени орталығы. Ірі театрлар, концерттік ұйымдар мен музейлердің басым көпшілігі осы қалада орналасқан. Сіздің ойыңызша, бүгінгі алматылық жұртшылықтың мәдени демалысқа деген талғамы қандай деңгейде?

– Кейінгі жылдары қала тұрғындарының түрлі мәдени іс-шараларға деген қызығушылығы күрт артқаны байқалады. Оны бірнеше дәлелдер арқылы көрсетуге болады. Қаламызда шағын театр ұжымдары қалыптасты, жеке ұжымдардың қойылымдары көбейді. Яғни қаланың мәдени нарығында әртүрлі мәдени өнімдерге деген нақты талғамға негізделген сұраныс қалыптасты.

Сұраныс талғамға тәуелді. Сондықтан академиялық өнерге – опера мен балетке, тәуелсіз қойылымдарға, көрмелерге, концерттерге өз аудиториясы жиналады. Байқасаңыздар, кейінгі кездері шетелдік жұлдыздардың концерті ғана емес, отандық өнерпаздар, қазақстандық театрлар, шағын ұжымдардың концерттері де аншлагпен өтетін болды. Бұл – алматылықтардың мәдени өмірге араласу белсенділігі артқанының және өзіндік талғамы қалыптасқанының көрінісі.

– Театрлар да, уәкілетті мемлекеттік органдар да кейінгі жылдары қойылымдарға келетін көрермен саны артқанын айтады. Аншлагпен өтетін іс-шаралар қатары көбейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Жаңа атап өткеніміздей, алматылықтардың мәдени өнімдерді тұтыну белсенділігі артқаны анық. Бірақ театр қойылымдарының аншлагпен өтуі, менің ойымша, әзірге ауыспалы жағдай болып отыр. Қаладағы театр қызметкерлерімен әріптестік негізде тұрақты байланыста болатындықтан, кейбір мәселелерден де хабардармын. Мысалы, бір қойылымға кей күндері адам сыймай жатса, дәл сол қойылым араға уақыт салып қайта қойылған кезде, залдың жартысы да толмай қалады. Біз театр мамандарымен бұл сұраққа жауап іздегенбіз, алайда әлі күнге дейін нақты себептерін таптық деп айта алмаймын.

Оның үстіне, қаламыздағы ірі театрлар өздерінің өтімді қойылымдарын бір күнге жоспарлап қалатын жағдайы бар. Бұл да көрермендердің тұрақты жиналуына кері әсер етуі мүмкін. Қала тұрғындарының орташа табысы деңгейінен есептесек, бір ай көлемінде ондаған мәдени іс-шараға бару қиынға соғатыны да анық. Егер театр басшылықтары өзара байланысын күшейтсе, қойылымдардағы көрермен санының теңгерімі де дұрысталар еді деп ойлаймын.

– Қаладағы музейлерді, саябақтарды қызығушылық танытқан тұрғындармен бірге аралауды әдетке айналдырған екенсіз. Алматы қаласының туристік әлеуетінің дамуында мәдени орындардың маңызына тоқталсаңыз.

– Алматының мәдени-туристік хабқа айналу әлеуеті өте жоғары деп есептеймін. Әсіресе, түрлі бағытта жұмыс істейтін 40-қа жуық театрдың әралуан репертуарын айта кету керек. Егер бір апта турмен Алматыға келсеңіз, кәсіби сападағы опера мен балетті, драмалық қойылымдарды, авангардтық өнер деуге болатын, ескі зауыт ғимаратын өнер ордасына айналдырған «Бункер», «БАТА» театрларының қойылымдарын, Орталық Азиядағы жетекші тәуелсіз театр – «ARTиШОК» ұжымының өнерін және өзге мәдени бағыттарда да бірнеше дүниені тамашалап үлгересіз.

Сондай-ақ, жақын арада Almaty Museum of Arts ашылатынын білесіздер. Егер музей ұйымдастырушылары мен басшылары алғашқы тұжырымдаманы толық жүзеге асыратын болса, онда аталған мәдени орынның әлеуеті ерекше жоғары. Өйткені, Алматыда Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінен өзге халықаралық деңгейдегі галерея жоқ еді.

Біздің туристік агенттіктер мен мемлекеттік органдар Алматы қаласының әсем табиғатынан бірге қайталанбайтын мәдени кодына да мән берсе, қаламыздың салмағы одан әрі арта түсер еді.

– Жаңа музей алдына қойылған Жауме Пленстің «Надэс» туындысын жұртшылық қалай қабылдады деп ойлайсыз?

– «Надэс» төңірегіндегі пікір қайшылығына бірнеше фактор әсер етуі мүмкін. Бұл жерде қаламызда қалыптасқан мүсін өнерінің дәстүрін ескерген жөн. Пленстің жұмысы осы қалыптасқан дәстүрден біршама ерекше деуге болады. Кейінгі онжылдықта қала көлемінде қойылған атақты тұлғалардың, батырлардың ескерткіштері қалыпты дәстүр бойынша қоладан құйылады, көрікті жерге орнатылады, реалистік стильді сақтайды. «Надэс» сияқты әрі үлкен, әрі аппақ жұмыстар қойылған кезде қала тұрғындары үшін оны қабылдау қиынға соғады. Дәл осындай жағдай бірнеше жыл бұрын «Атакент» аумағында орнатылған тиіннің образы айналасында орын алған еді. Кейде ерекше элементтердің көлемі де жұртшылық тарапынан сынға ұшырайтын сияқты көрінеді.

«Надэс» орнатылған кезде бірқатар кәсіби сыншылардың да пікірлерін қарап шықтым. Расында, бізде қымбат әрі маңызды жобалардың қатарында қандай да бір шетелдік мамандардың жүруі сапа белгісі сияқты болып көрінеді. Оның сыртында біздің жас, талантты мүсіншілердің еңбегі қаражат жетіспеушілігінен, қандай да бір комиссиялардың мақұлдауын ала алмауынан көпшілікке жетпей жатады. Міне, біздің отандық мүсін өнері үшін нағыз мәселе – осы. Біз айтып отырған бас сұлбасының орнында халықтың болмысына жақын, үйлесімді бір еңбек тұрса, жарасымдырақ болар ма еді деп ойлаймын.

Мегаполистің тарихи-мәдени келбеті

– Сіз мәдени өнімдерге қызығатын тұрғындармен көп уақыт өткізесіз. Осындай басқосуларда қала көлеміндегі мәдениет ғимараттарының күрделі жөндеуден өтуіне байланысты қандай пікірлер айтылады? Жалпы, халықтың көзқарасы қандай?

– Алматының тарихи-мәдени келбетін қалыптастырған ғимараттар көп. Солардың қатарында қазір қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатқан М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры мен Н.Сац атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік академиялық орыс театры да бар. Ғимараттар әбден ескіргенін, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі ықтимал екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Алайда, тұрғындардың да, көрермендердің де ортақ ойы – ғимараттардың алғашқы келбеті, кейбір тарихи элементтері жоғалып кетпесе деген тілек. «Қазақстан» қонақ үйі, Көктөбе, Республика сарайы сияқты қала келбетінің аса маңызды элементтері де қайта жаңғырту жұмыстары кезеңінде архитектуралық ерекшеліктерін жоғалтып алғаны туралы әңгімелер көп айтылады. Қаладағы ескі ғимараттардың арасында ерекше мозайкалар бейнеленген дуалдар бар. Осы мозайкалар, өзге де ерекше архиктектуралық элементтер – алматылықтар үшін маңызды дүние, ыстық естеліктер.

Естеріңізде болса, осыдан бірнеше жыл бұрын белгілі қазақстандық монументтік өнер шебері Владимир Твердохлебовтың атақты еңбегі жөндеуге жарамайтын күйде бұзылды. Бұл оқиға алматылықтар тарапынан үлкен сынға ұшырап, қоғамдық резонанс туғызған еді. Әрине, қала мәдениетіне бей-жай қарамайтын азаматтар осындай варварлық қатынастардың бәріне тоқтау қойғысы келеді.

Біз жоғарыда атап өткен екі театрдың да қайта жаңғырту жұмыстары туралы жоба толық аяқталған кезде нақты пікір айтуға болады. Жауапты адамдар тарихи жәдігерге құрметпен қарайды деп сенеміз.

– Қаланың мәдени тыныс-тіршілігін жетік меңгерген сарапшы ретінде жағдайды одан әрі жақсарту үшін қандай ұсыныстар берер едіңіз?

– Креативті индустрияны мемлекеттік қолдау – мыңдаған адам жұмыс істейтін саланың дамуына жағдай жасау. Жақында қабылданған ҚР «Салық кодексінде» креативті индустриялар бағыты бойынша бірнеше қызмет түріне арнайы жеңілдіктер қарастырылғаны қуантады. Алайда, аталған салаға мемлекеттік қолдауды одан әрі күшейту жұмыстары қолға алынса, қазақстандық талантты жастардың мүмкіндіктері де кеңейе түсер еді.

Ерекше қуантқан жаңалықтардың бірі – өткен айда қазақстандық төрт театрдың, екі тәуелсіз және екі мемлекеттік, Авеньон қаласындағы беделді фестивальге қатысқаны. Франциядағы халықаралық фестивальге қатысуға мемлекеттік қолдау көрсетілді деп естідім. Әрине, мұндай бастамаларға қуанамыз. Алдағы уақытта ұзақ мерзімді әрі нақты нәтижеге бағытталған қолдау жалғасады деп үміттенеміз. Мемлекет жаңа қалыптасқан саланы жанжақты қолдап, қолдаудың өтеміне ештеңе талап етпей, еркіндік берсе, онда сала нарықтық жағдайға бейімделер еді. Ал нарықтық жағдайда аяққа тұрған сала кез келген мемлекетте экономикалық тиімді болып саналады.

Қазақстанда креативті индустриялар бағытына мемлекеттік қолдау жоқ деп айта алмаймыз. Арт-қауымдастық өкілдерінің басым көпшілігі осы пікірде деп сенемін. Алайда, осы қолдаудың тиімділігін төмендететін бір мәселе бар. Ол – мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын жобалардың, басқосулардың, фестиваль немесе өзге де форматтағы іс-шаралардың дұрыс насихатталмауы. Жеке жұмыс істейтін арт-қауымдастық өкілдерінің көпшілігі қандай да бір мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын жобалардың қорытындысы туралы ақпаратты ғана алады. Бізге арт-қауымдастықтың өзара қарым-қатынасын күшейтетін, пікір алмасуды, тәжірибе алмасуды қамтамасыз ететін алаңдар керек.

Алматыда жеке театрлар көп екенін айттық. Жеке, тәуелсіз театр ұжымдары – креативті индустрияның жарқын өкілдері. Бүгінгі таңда осы жеке ұжымдардың көпшілігі қаржылық кедергілерге тап болуда. Мысалы, қаламыздағы кейбір тәуелсіз театрлар көрермендер залына салқындату жүйесін қосу үшін немесе сахна жарығын жақсарту үшін көп уақыт жұмсайды. Олардың қойылымдарының билеттері де орта деңгейде, табыстары аса көп деп айта алмас едім. Міне, осындай ұжымдар, осындай бастамалар – қала мәдениетінің ажырамас бөлігі, тіпті, қаланың мәдени ерекшелігін қалыптастырушы топтар деп айтуға болады.

Қорыта айтқанда, креативті индустрия өкілдері мемлекеттік қолдау алса да, мемлекеттік идеология құралына айналмау керек. Тәуелсіз театрлардың басты құндылығы – өнердегі шексіздікті көрсету, қоғамға ой салу, еркін болу. Осы құндылықтарын құрметтеп, қолдау көрсетсек, қазақстандық, оның ішінде алматылық арт-қауымдастықтың әлеуеті өте жоғары деп сенімді түрде айта аламын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Әділет МӘДЕНИЕТ.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

КАРДИОНЕЙРОАБЛЯЦИЯ

Бұл – жүректің құрылымына зиян келтірмей жасалатын заманауи ота

Алматы қалалық Кардиологиялық орталық мамандары жүрек-қантамыр ауруларын емдеуде заманауи тәсілдерді енгізуді жалғастырып келеді. Жақында мұнда алғаш рет жүрек ырғағын тұрақты кардиостимуляторсыз қалыпқа келтіруге мүмкіндік беретін ерекше ота – кардионейроабляция сәтті жасалды.

Операцияны аритмология бөлімшесінің меңгерушісі Артур Әбдімомынов жасады. 22 жасар жігіт басы айналып, жиі естен тана беретін болған. Терең тексеру нәтижесінде жүрек ырғағындағы ауытқудың функционалдық сипатта екені, яғни жүректе құрылымдық ақау жоқ екені анықталды.

– *Бұған дейін мұндай жағдайда науқасқа кардиостимулятор қойылатын, бұл әсіресе жастар үшін өмір салтына шектеу қоятын. Қазір қарқынды медицинаның арқасында біз жүрек ырғағының бұзылуын ешқандай құрылғы орнатпай-ақ – жүрекке шамадан тыс әсер ететін вегетативті жүйке жүйесі тармақтарына нүктелік әсер ету арқылы шешуге мүмкіндік алып отырмыз,* – дейді Артур Әбдімомынов.

Кардионейроабляция – жүрек ырғағын баяулататын артық парасимпатикалық әсерді (соның ішінде кезбе жүйке белсендігін) әлсіретуге бағытталған емдеу әдісі. Бұл жүректің құрылымына зиян келтірмей-ақ, қалыпты жиырылу жиілігін қалпына келтіруге жағдай жасайды.

Отадан кейін науқастың жағдайы тұрақты, синусты ырғақ қалпына келген. Қазір ол ауруханада дәрігерлер бақылауында, алдағы уақытта динамикалық амбулаториялық бақылауға жіберіледі.

Функционалдық синусты брадикардия көбіне жастарда, спортпен айналысатын, сондай-ақ парасимпатикалық жүйке жүйесінің белсенділігі жоғары адамдарда кездеседі. Мұндай жағдайда жүрек құрылымдық тұрғыда сау болады, алайда оның жиырылу жиілігі вегетативтік жүйенің қайта банталуына байланысты төмендейді.

Бұл – қалалық Кардиологиялық орталық тәжірибесіндегі алғашқы клиникалық жағдай. Ол жүрек ырғағының функционалдық бұзылысы бар, әсіресе, жас науқастарды емдеудің жаңа көкжиегін ашып отыр.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

САЯҚ ЖҮРГЕН БАЛАҒА ДЕН ҚОЙЫҢЫЗ

Мамандарды «мефедрон» иіскейтін жасөспірімдердің көбейгені алаңдатады

Алматылық наркологтар жасөспірімдер арасында психобелсенді заттарға тәуелді ұл-қыздың саны артып келеді деп алаңдаулы. Биыл кәмелет жасына толмаған 25 адам наркологиялық есепке ілінген.

Олардың 5-еуі ащы суға құмар, 16-сы – есірткіге, 4 бала уытты заттарға тәуелді. Дәрігерлер синтетикалық заттарды тұтынушылар бойынша статистикалық көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда, 36 пайызға артты деп дабыл қағуда.

– *Диспансерлік есепке алғаннан кейін ай сайын біз тексереміз. Егер орталыққа келмеген жағдайда жасөспірімді полиция қызметкерлері мәжбүрлі түрде бізге алып келеді. Оған стационарлық медициналық көмек көрсетеміз. 5 айда 107 жасөспірім стационарлық бөлімшелерде емделді. Басым бөлігі синтетикалық психобелсенді затты, соның ішінде «скорость», «мефедрон», «анфетамин» иіскеген немесе шегеді,* – дейді Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығының психиатр-наркологы Құмарбек Мәкеев.

Психиатр-наркологтың айтуынша, синтетикалық заттардың қауіптілігі бұғанасы қатпаған баланың санасын улап, тез арада тәуелді қылады. Зат алмасу жүйесі бүлінеді. Екіншіден, мидың қызметі құлдырайды. Ойлау қабілеті тежеліп, сөйлеу, сөз құрастыруға өресі жетпейтін күйге түседі. Тамақ ішуге зауқы болмайды, айтарлықтай салмақ жоғалтады. Психобелсенді заттардың тағы бір зияны – адамның психикалық көңіл күйі құбылып, мінез-құлқы өзгереді. Әсіресе, оны тұтынған жасөспірім қорқыныш, үрей құшағында жүреді. Біреу ізін аңдып жүргендей немесе көзіне құбыжық елестеп, өзінен-өзі дүрбелең туғызып, жүйкесі сыр береді. Түрлі елес, галлюцинация діңкелетеді. Кәмелет жасқа толмаған баланың ата-анасына дәрігерлер сақ болуға, перзентіне көңіл бөлуге шақырады.

Елімізде 21 жасқа толмаған тұрғындарға алкоголь өнімдерін сатуға заңмен тыйым салынған. Мейрамханаларда, дәмханаларда, дүкендерде, жалпы бұл өнімді сатқан сауда нүктесі қомақты айыппұл төлейді. Соған қарамастан, ащы суға тәуелді жасөспірімдер наркологиялық есепке алынған.

– *Сол затты тұтынбаса өмір сүре алмайтын, көп уақыттан бері шегу, иіскеуді, арақты ішуді дағдыға айналдырған балаларды динамикалық бақылауға аламыз. Ал оңы мен солын танымай жатып сыра, араққа әуес болған олар дүкеннен сусынды қалай сатып алғанын айтпайды. Біздің орталықта жасөспірімдер кабинеті бар. Оларды емдейтін стационарлық бөлімшеде 3-4 төсек бар. Біздің нарколог-психиатрлар мектептерде, жоғары оқу орындарында профилактикалық іс-шаралар өткізеді,* – дейді психиатр-нарколог.

Мамандар бала есірткі заттарына немесе араққа бір күнде тәуелді болмайды дейді. Сондықтан ата-аналарға баласын отбасында қараусыз қалдырмауға, сабаққа бармайтын, тәбеті қашып, саяқ жүрген перзентінің көңіл күйіне, мінезіне назар аударуға кеңес береді.

СӘТТІ ОТА

ӨТ ҚАБЫНА ТАС БАЙЛАНҒАН

Алматы қалалық Шұғыл көмек көрсету ауруханасына 57 жастағы ер адам түсті. Осының алдында ғана ол мамандардан кеңес алу үшін өзінің медициналық құжаттары мен зерттеу нәтижелерін электронды пошта арқылы ауруханаға жолдаған екен.

Құжаттары қаралған соң, пациентке бетпе-бет қабылдауға келіп, шұғыл түрде емделу керектігі айтылған. Науқас 10 жыл бұрын ауырып, өт қабын алдырып тастаған. Алайда, кейінгі күндері жағдайы күрт нашарлаған, яғни асқазан тұсы мен оң қабырғасының асты жиі-жиі мазалап, жүрек айну, ауыздың құрғауы пайда болған. Құрсақ қуысы ағзаларына жүргізілген МРТ тексерісі өт қабының қалдығы – тұқылының көпіршіктеніп, қабырғасының қалыңдағанын және ішінде ұсақ тастардың жиналғанын көрсеткен. Бұл – күрделі әрі қауіпті асқыну және дереу ота жасауды қажет ететін жағдай.

Пациентке лапаротомия отасы жасалды. 1,5 сағатқа созылған операция кезінде көлемі 3,0х2,5 см болатын, қабырғасы қалыңдаған, ішінде тастары бар көпіршік тәрізді тұқыл анықталып, өт қалдығы мойнынан толық алып тасталды.

– Өт қабын алып тастағаннан кейін кейбір науқаста асқыну болады – ұзынша тұқыл ішінде тастар қайта пайда болып, қабыну басталуы мүмкін. Бұл – баяу, байқалмай дамитын үдеріс. Ол кенеттен асқынады. Мұндай жағдайды дер кезінде анықтап, ота жасау – ең дұрыс шешім. Біз патологиялық учаскені алып тастадық, пациенттің жағдайы жақсы. Ең бастысы – ауырсыну мен белгілерді елеусіз қалдырмай, дер кезінде тексерілу керек. Өт қабын алып тастағаннан кейін ауырсыну жалғаса берсе, бұл қалыпты жағдай емес! Жылдар өткен соң да асқыну пайда болуы мүмкін. Ал уақытылы жүргізілген тексеру мен хирургиялық ем адамның өмір сапасын қалпына келтіреді, – дейді Алматы қалалық Шұғыл көмек көрсету ауруханасының хирургі Нұрхат Есенбеков.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

АПТАП ЫСТЫҚ:

су ішу әдебі туралы бірер сөз

Күн күйіп тұр. Осынау аптапта аңқамыз кеуіп, шөл қысып, мұздай суға жүгіреміз. Байқасаңыз, әсіресе, ерлер жағы тоңазытқышқа күні-түні су қойып жатады. Аптап ыстықта сырттан кіре сала бірінші сол суға ұмтылады.

(Сурет: ашық дерек көзінен).

Ыстық 40°С-қа жеткенде өте салқын суды ішпеу керек екен. Қотарып ішкен көп мөлшердегі салқын су асқазанға түскеннен кейін, асқазан шырышты қабатындағы кішкентай қан тамырлары тарылып, жиырылып, жарылып кетуі мүмкін. Содан адам инсульт алады.

Сырттан келгенде бірден суық суға жүгірмей, отырып сәл тыныстап алған абзал. Сосын барып, суық емес, жылы су ішу керек. Оның өзін сіміріп салмай, баяу ішкен дұрыс екен.

Сырттан терлеп-тепшіп келген адамның ентігін де баспастан бірден душқа жүгіретіні немесе аяғын жууға ұмтылатыны бар. Жуынар алдында кем дегенде 30 минут күткен абзал.

Күн ыстық болған соң, көшеде су толы құты ұстаған адам да көп. Бірақ түрегеліп тұрып, жүріп бара жатып су ішу де зиян екен. Түрегеліп тұрып ішкен су асқазанда қорытылмастан төтелей ішек жолдарына өтеді. Ал қорытылмаған судан ағзамыз еш құнар ала алмайтыны белгілі. Сондықтан асқазанда аялдап, қорытылған, микробтары жойылған су ғана ағза үшін пайдалы. Ол үшін суды отырып ішуге тура келеді.

Тік тұрып су ішудің тағы бір теріс жағы – тұрған қалыпта біздің бұлшық еттеріміз бен жүйке жүйеміз отырғандағыдай еркін, босаңсыған күйде болмайды екен. Осындай сәтте су ішу (яғни тұрып тұрғанда) бұлшық еттеріміз бен жүйке жүйеміз өзіне қажетті суды толыққанды ала алмайды. Оның салдарынан буындар қабынады. Тұрып тұрғанда суды тез ішетіндігімізден ол денеміздің сүзгіші – бүйрекке де артық салмақ болатыны тағы бар.

Иә, бұл аптап біздің сабырымызды да сынап жатқандай. кеңесіміз кәдеңізге жарар болса, өте жақсы.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

ЭКОЛОГИЯ

ЗАМАНАУИ ЖАСЫЛ АЙМАҚ –

табиғи жайлы кеңістік

Алматы қаласындағы «Южный» паркінің солтүстік бөлігінде заманауи жасыл аймақ құру жобасы басталды. Жобада табиғи ландшафт пен тарихи сәулет нысандарын сақтай отырып, кеңістікті жаңарту көзделген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз туры барысында Алматы қаласының Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының басшысы Батырхан Сүлейменов мәлімдеді.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ернұр РЫСБАЙ

Парк аумағында тұратын жергілікті тұрғындар үшін бұл саябақ – олардың отбасылық тарихының бір бөлігі ғана емес, күнделікті серуендейтін және жұмысқа, үйге баратын жолдары өтетін маңызды орын. Белсенділер аталған жөндеу жұмыстарына көңілдері толмай, қалалық әкімдікке шағым түсірген. Тұрғындардың бірі Елена Платонованың айтуынша, жөндеу жұмыстарының қазіргі барысы бастапқы жобадан мүлде өзгеше:

– Реконструкция басталмас бұрын бізге өзгерістер аз болатыны айтылған. Біз парктің қазіргі табиғи келбетін сақтап қалуды қаладық. Себебі, бұл жер – қала ішіндегі ерекше экожүйе, маңайдағы жұрттың бәрі келетін табиғи тынығу орны. Артық «ыңғайлылықтар» бұл жерге сай емес. Жобада табиғи ландшафт пен ағаштарды сақтау көзделгенімен, қазір оның талаптары бұзылып, экожүйеге қауіп төніп тұр. Мұнда құрлар, тиіндер, үкілер мекендейді, ерекше өсімдіктер мен ағаштар өседі. Кең көлемде асфальт немесе бетон төсеудің қажеті жоқ. Қазіргі соқпақтарды сақтап, аздап абаттандыру жеткілікті. Себебі, бұл жолдар ондаған жыл бойы халық жүріп қалыптастырған ең ыңғайлы бағыттар. Қазір құнарлы топырақ қабаты алынып тасталды, бұл ландшафттың өзгеруіне әкелуі мүмкін. Балалар алаңдарын да көбейтудің қажеті жоқ. Лавочка санын арттырып, автоматты суару жүйесін орнату жеткілікті. Скейтодром да, түрлі аттракциондар да қажет емес – бұл парк табиғи жасыл оазис болып қалсын! – деді тұрғын.

Тұрғындардың ұсыныстарын тыңдағаннан кейін Батырхан Сүлейменов саябақты өзі аралап көріп, ескерту-тілектердің орынды екеніне көз жеткізді. Ол барлық сын-ескертулер назарға алынатынын айтты:

– Көрген-білгенімді қорыта келе, тұрғындардың айтқан ұсыныстарымен толық келісетінімді жеткізгім келеді. Табиғи ерекшелікті сақтау – өте маңызды. Біз белсенділермен бірге мобильді топ құрамыз, әрі жұмысты бірлесіп қадағалап, келісіп отырамыз. Парк тағдырына алаңдап отырған белсенділерге алғысым шексіз. Бұл – тек тұрғындардың емес, Алматы билігінің де жауапкершілігі. Біз парктың бастапқы болмысын сақтап, жерлестеріміздің пікіріне құлақ асуға тиіспіз. Жалпы келісілген жобадан ауытқуға жол берілмейді, – деп сендірді басқарма басшысы.

Территорияны аралаған соң Алматы қаласы Экология басқармасының инспекторлары шақырылып, парк аумағында заңбұзушылықтар бойынша екі әкімшілік хаттама толтырылып, мердігер ұйымға айыппұл салынды.

Жоспарға сәйкес, «Южный» паркінің солтүстік бөлігінің қайта жаңғыруы 4 ай ішінде аяқталуы тиіс. Дегенмен, жұмыстардың жеделдетілуі де мүмкін. Осы жылдың өзінде алматылықтар жаңарған паркте серуендеп үлгеруі ықтимал.

БРИФИНГ

МӘМС ЖҮЙЕСІ–2026:

Алматыда 95 мыңға жуық адам медициналық көмекке жүгінуге мүмкіндік алмақ

Бүгінде Алматыда тұратын 2,3 млн. халықтың 80%-ы немесе 1,8 млн.-ы сақтандырылған. Өкінішке орай, тағы 475 мың адам МӘМС жүйесінен тыс қалып отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Медициналық сақтандыру қоры Алматы қалалық филиалы директорының орынбасары Нұрдос Қадырбеков мәлімдеді.

Нұржамал ӘЛІШ

МӘМС туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2026 жылдан бастап жергілікті атқару органдары халықтың әлеуметтік жағдайы төмен бөлігі үшін сақтандыру жарнасын төлей бастамақ. Жаңа нормалар арқасында Алматыда 95 мыңға жуық адам МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке жүгінуге мүмкіндік алмақ.

«Аталған санат ішінен медициналық көмекті жиі қолданатын азаматтар іріктеліп, жергілікті бюджет есебінен сақтандырылатын болды. 2026 жылы 26 мыңнан астам адамның әрқайсысы үшін ай сайын 9189 теңгеден, жалпы 2,9 млрд. теңгеден астам қаражат жұмсалмақ. Сондай-ақ, бұдан былай жұмыссыз ретінде ресми тіркелгендер үшін де МӘМС жарнасын жергілікті атқару органдары төлейді», – деп атап өтті Нұрдос Қадырбеков.

• 2026 жылдан бастап амбулаторлық диализ, консультативтік-диагностикалық көмек, амбулаторлық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, динамикалық бақылауға жататын 12 сырқат тобы бойынша жоспарлы стационарлық және стационарды алмастыратын көмек МӘМС пакеті арқылы көрсетілетін болады.

Бұлар: бауыр, қан мен қан шығару органдарының, іш құрылыс аурулары, жұқпалы емес энтерит және колит, артропатия, дорсопатия, қалқанша безі аурулары, қатерлі емес аденома ісігі, сүт бездерінің қатерлі емес дисплазиясы, әйелдердің жыныстық аурулары, бронх-өкпе дисплазиясы, туабітті жүрек ақауы, іште пайда болған кемістіктер, т.б.

Спикерлердің айтуынша, бұл бастамалар 2027 жылдан бастап қаржыландырудың сақтандыру үлгісіне басымдық беруге мүмкіндік жасайды. Нәтижесінде денсаулық сақтау саласына жұмсалатын шығынның 35%-ы Тегін медициналық көмек пакетінен (ТМККК), 65%-ы МӘМС пакетінен алынбақ. Қазіргі таңда шығынның 57%-ы ТМККК пакетіне, қалған 43%-ы МӘМС-ке тиесілі.

2026 жылдан бастап ТМККК пакеті мынадай қызметтерден тұрады: жедел жәрдем; бастапқы медициналық-санитарлық көмек; 8 түрлі әлеуметтік маңызы бар ауруға күдік келтірілген жағдайда диагностика жасау; 8 түрлі әлеуметтік маңызы бар ауруға шалдыққандарға стационарлық және стационарды алмастыратын көмек; онкоскринигтер; инфекция; сақтандырылмағандарды шұғыл жағдайларда стационарда емдеу; паллиативтік көмек; қан препараттарымен қамтамасыз ету.

МӘМС пакетінде сақтандырылған азаматтарға мынадай қызметтер көрсетілмек: консультативтік-диагностикалық қызметтер, ТМККК пакетінен тыс дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, соның ішінде, созылмалы аурулардың 26 түрі бойынша; стационарлық және стационарды алмастыратын көмек, соның ішінде, созылмалы аурулардың 26 түрі бойынша; жоғары технологиялық медициналық көмек; медициналық оңалту.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрдос ҚАДЫРБЕКОВ, МСҚ Алматы қалалық филиалы директорының орынбасары:

Жарна мөлшері біртіндеп өседі

Сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылдан бастап жарна төленетін жалақы шегі өзгермек. Атап айтсақ, жұмыс берушілер үшін – 40 ең төменгі жалақы; жұмыскерлер үшін – 20 ең төменгі жалақы. Тағы бір айта кетерлігі, бүгінгі күні Алматы қаласында 1,2 млн.-нан астам, еліміз бойынша 11,2 млн.-ға жуық адам мемлекет есебінен сақтандырылып отыр. Биыл мемлекет олар үшін ай сайын орташа айлық жалақының 2%-ын аударады. Ал 2027 жылдан бастап жарна мөлшері біртіндеп өсіп, 2037 жылы 4,7% дейін жетуі тиіс.

Вячеслав ЛОКШИН, сарапшы:

Жаңа норма

МӘМС арқылы көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында заңға тағы бір жаңа норма енгізілді. Енді кемінде 5 жыл қатарынан жүйеге жарна аударып келген азаматтар уақытша төлем қабілетінен айырылған жағдайда, сақтандыру статусы 6 айға дейін сақталмақ. Бұған дейін сақтандыру статусы соңғы төлем жасалған сәттен бастап 3 ай ғана сақталатын. Бұл өзгерістің, әсіресе, жұмыс күші жиі ауысатын Алматы қаласы үшін маңызы зор. Енгізілген өзгерістер арқасында халықты сақтандыру жүйесімен қамту деңгейі жақсарып, медициналық көмекті пайдалану мүмкіндігі артады.

Ләйла ИМАНҒАЛИЕВА, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бөлім жетекшісі:

Барлық онкоскрининг тегін болады

Елімізде 2027 жылдан бастап Медициналық көмектің бірыңғай пакеті қолданысқа енеді. Заңға енгізілген жуырдағы өзгерістерге сәйкес, 2025 жылдың екінші жартысынан бастап барлық онкологиялық скринингтер тегін жасалатын болды. Яғни онкоскринингтен өту үшін сақтандыру статусы талап етілмейді. Сондай-ақ, 2026 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар 8 дертке күдік келтірілген жағдайда консультативтік-диагностикалық көмек тегін көрсетіледі. Бұған дейін аталған қызметтер тек ВИЧ пен туберкулез сынды екі сырқат бойынша ғана тегін болатын.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **aqshamnews.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 5 айға – 3067,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 5 айға – 6578,10 (қала), 4017,00 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 5 айға – 1967,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЕСКЕ АЛУ

САҒЫМ ДҮНИЕ...

Батырхан Шүкеновтің құрметіне арналған кеш өтті

Медеу ауданындағы комьюнити-орталықтың ART залында Батырхан Шүкеновтің құрметіне арналған «BATYR TRIBUTE» атты шығармашылық кеш өтті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Іс-шараны танымал эстрада әншісі, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Батырхан Шүкеновтің өмірден өткеніне 10 жыл толуына орай Медеу ауданындағы комьюнити-орталықтың жастары мен «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері ұйымдастырды. Кеш Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы қалалық филиалының қолдауымен өтті. Бағдарлама аясында әнші туралы естеліктер айтылып, жас ақындар Батырхан Шүкеновке арналған өлеңдерін оқыды, ал жас суретші әншінің бейнесі бейнеленген картинасын ұсынды.

Қала жастары әншінің «Отан Ана», «Сағым дүние», «Гүл Алматы», «Қайран көңіл-ай», «Джулия», «Дождь», «Нелюбимая» сынды көпшілік сүйіп тыңдайтын әндерінің кавер-нұсқаларын орындады.

«Батырхан Шүкеновтің өмірден озғанына он жылдан асса да, оның әндерін әлі күнге дейін тыңдаймыз, әншіні сағынышпен еске аламыз. Кеш live-караоке форматында өтті. Қонақтар LED-экранда шығатын мәтінге қарап, әндерін бірге шырқады. Сонымен қатар, жас суретшілер Батырханға арнап салған суреттерін ұсынып, жас ақындар өлеңдерін оқиды.

Батырханмен таныс болған, бірге жұмыс істеген, сахнада бірге өнер көрсеткен әншілер ол туралы естеліктерін айтып берді. Алматылық жастар осылайша, Батырхан Шүкеновтің өнердегі еңбегін еске алып, оның есімі мен әндерін ұмытпайтынын көрсетті», – дейді іс-шараны ұйымдастырушы Рустам Қайрыев.

ЖАС ТҰЛЕК

БАҚ ШАБАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Болашақ аудармашы, мұғалім, психолог, дизайнер, заңгерлер арасында бір гранттық орынға таласушылар көп

Биыл еліміз бойынша білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға 113 мыңға жуық талапкер өтініш берді. Бұл көрсеткіш былтырға қарағанда көбейе түскені байқалады. Мәселен, 2024 жылы 104 мыңнан астам өтініш қабылданған еді.

Рая ЕСКЕНДІР

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, биыл бакалавриатқа түсу үшін 77 мыңнан астам грант бөлініп отыр. Гранттардың басым бөлігі инженерлік және техникалық бағыттарға бөлінген көрінеді. «Педагогикалық ғылымдар» және «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» бағыттары бойынша 150 сараланған гранттан бөлінсе, «Серпін» бағдарламасы арқылы түсушілерге 2412 грант бөлініп отыр.

Сондай-ақ, Атырау мен Маңғыстау облысы түлектеріне арналған 2500 мақсатты білім беру гранты бар. Тағы бір айта кетерлігі, соңғы жылдары ең сұранысқа ие білім беру бағыттарын таңдаған талапкерлердің таңдауы биыл да өзгеріссіз қалып отыр. Талапкерлердің көпшілігі «Педагогикалық ғылымдар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» сияқты бағыттарға өтініш берген. Алда болашақ аудармашылар, мұғалімдер, психологтар, дизайнерлер және заңгерлер арасында бір гранттық орынға ең үлкен конкурс болады деп күтілуде.

Сәтін салса, гранттарды тағайындау жөніндегі шешімді Республикалық конкурстық комиссия қабылдап, грант иегерлерінің тізімі 10 тамызға дейін жариялануы тиіс.

(Сурет: ашық дереккөзден.)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен **8 777 890 89 00 «жедел желі»** жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы:
Алматы қаласы, Нүсіпбеков көшесі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.

ALATAU AQPARAT

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataý Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

АБАЙДЫ ҰЛЫҚТАУ –

айналаны ұқыптаудан басталады

Алматының Абай алаңында бірнеше жүз адам жиналып, қазақтың ұлы ойшылы әрі ағартушысының 180 жылдығына орай ұйымдастырылған экологиялық акцияға қатысты. Бұл бастама республикалық «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өтті.

Алматы қаласының бес ауданы – Алмалы, Бостандық, Әуезов, Медеу және Наурызбай аудандарын қамтитын, ұзындығы 15 шақырымға созылған Абай даңғылы бойында абаттандыру және санитарлық тазалау бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді. Акцияға түрлі ұйым өкілдері, жастар және белсенді қала тұрғындары қатысты. Олар Абай мен Достық көшелерінің қиылысында бас қосты. Іс-шара басталар алдында өткен отандық эстрада жұлдыздарының шағын концерті қатысушылардың көңіл күйін көтеріп, ерекше рух сыйлады. Экоакция – ішкі мәдениетіміздің, туған қаламызға деген сүйіспеншілігіміздің және Абайға деген құрметіміздің көрінісі. Іс-шарада сөз алғандар Абай Құнанбайұлы өзінің шығармаларында адам мен табиғат арасындағы байланысты жырлағанын, табиғатқа деген қамқорлық оның мұрасының маңызды бөлігі екенін атап өтті.

Қазақстан жұртшылығына танымал мәдениет өкілдері шығармашылықтан тыс та ел дамуына өз үлестерін қосуы тиіс екенін айтып, қоғамға пайдалы мұндай бастамаларға қуана қатысатындарын жеткізді. Олар бұл арқылы отансүйгіштік пен ортақ жауапкершілік сынды құндылықтарды дәріптеуді көздейді.

– Алматы – көркейген, әсем қала. Онда өмір сүріп жатқан әр тұрғын қаланың тазалығын сақтауға өз үлесін қосуы тиіс. Біз мұндай игі бастамаларға әрдайым қолдау білдіруге дайынбыз. Тазалық сақтау – бұл біздің қалаға деген махаббаттың нақты көрінісі, – деді эстрада әншісі Бағлан Ибраимов.

Ғани МАЙЛЫБАЕВ, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы:

– Абай алаңы мен оның атындағы даңғыл – қаланың бетбейнесі. Сондықтан бұл жер ұқыпты, таза болуға тиіс. Мәдениет басқармасы Абайдың 180 жылдығына арналған 117 іс-шара өткізуді жоспарлап отыр. Экоакция – сол бағдарлама шеңберіндегі алғашқы ауқымды бастама. Бұл біз үшін өте маңызды, – деп мәлімдеді.

Пәтер иелері кооперативі (ПИК) мен Мүлік иелерінің бірлестіктері (МИБ) белсенділік танытқан қала тұрғындарына алғыс білдірді:

– Қалада тазалықты сақтау – әрбір тұрғынның міндеті. Біз көршілеріміздің, тұрғындардың сенбілікке атсалысып жатқанына қуаныштымыз. Бұл – қоғамда өзара жауапкершілік пен ынтымақтың белгісі, – деді ПИК қызметкері.

Абай даңғылы бойында орналасқан бірқатар бизнес құрылымдар да бұл бастамадан шет қалмады. Олардың қатарында Shafran, «Счастье» мейрамхана-үйі, Avenue City Бизнес орталығы, Promenade Business Park, Myata Platinum, «NAVAT» шайханасы, Resident Hotel Abay сынды мекемелер бар. Сондай-ақ, экологиялық сенбілікке медициналық мекемелердің, мектептер мен балабақшалардың қызметкерлері де жұмылдырылды. Жалпы, қалалық сенбілікке 5000-нан астам адам қатысты. 159 арнайы техника бірлігі жұмылдырылып, 1240 м^3 көлеміндегі қоқыс шығарылды.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЭКО-ФЕСТ

ТАЗАЛЫҚ ТРЕНДКЕ АЙНАЛДЫ

Жасыл бастама – жарқын болашақ кепілі

Алматының дәл жүрегінде – Жібек жолы мен Панфилов көшелерінің бойында ерекше атмосфера орнады. Арбат Эко-Фест қаланың тұрғындары мен қонақтарын жасыл идеяларды насихаттайтын үлкен мерекеге шақырды. Бұл іс-шара – экологияны қорғау, тұрақты даму мен жауапты тұтыну мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ауқымды бастама.

Фестиваль бағдарламасы сан қырлы болды: мұнда шеберлік сабақтары, музыкалық қойылымдар, би өнері, эко-белсенділердің стендтері және фудкорт орналасты. Фестивальдің басты мақсаты – қала тұрғындарын табиғатқа қамқор болуға үндеу. Мұнда келген әрбір қонақ қоқысты сұрыптаудың маңыздылығын түсінді, қайта өңдеуге болатын тұрмыстық заттар жайында ақпарат алды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар арқылы халықты күнделікті өмірде табиғатты қорғауға дағдыландыру көзделген. Әркім үшін пайдалы тәжірибе алаңы болды.

Фестивальге жас-кәрі демей, түрлі жастағы адамдар жиналды. Іс-шара Алмалы ауданы әкімдігінің қолдауымен және RAMS Qazaqstan компаниясының серіктестігімен өтті. Бұл серіктестік фестивальді ұйымдастыруда қаржылай ғана емес, идеялық тұрғыдан да маңызды рөл атқарды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман ШАМШИН, Алмалы ауданының әкімі:

– Екі жыл бұрын қабылданған «Таза Қазақстан» акциясы аясында басты мақсат – тек қаланы таза ұстау ғана емес, тазалықты әр адам өзінен бастау. Егер сен көршілеріңді, қаланды сыйласаң, оны таза ұстауға тырысасың. Өкінішке қарай, көпшілігіміз су ішкен бөтелкені кез келген жерге лақтыруға дайын тұрамыз.

Ал мұндай эко-хабтар көбейсе, тасталған бөтелкелерді қайта өңдеу өте пайдалы нәрсе болар еді. Сондықтан мен мұндай бастамаларды толық қолдаймын және олардың көп болғанын қалаймын.

Евгений ВИКТОРОВИЧ, эколог:

– Арбат менің бала кезімнен сүйікті орным, үнемі серуендеп, демалатын жерім. Бұл аудан мен үшін ерекше ыстық, өйткені осында талай естеліктерім сақталған. Бұрын бұл көшелерде қоқыс тастай қалсақ, үлкен кісілер міндетті түрде ескертіп: «Балам, сен не істеп тұрсың» дейтін. Бұл – біздің мәдениетіміздің, бірбірімізге деген жауапкершіліктің көрінісі. Сондықтан бүгінгі эко-фест мен үшін жәй ғана көңіл көтеру емес, терең мәні бар іс-шара.

Бұл фестиваль арқылы адамдар экологияның тек теорияда емес, күнделікті өмірде қаншалықты маңызды екенін сезінеді. Мәселен, Арбатта біздің ұйым дайындаған бірнеше ерекше бұйым бар – соның бірі бөтелке қақпақтарынан жасалған орындық. Қарапайым қоқыс деп саналатын нәрседен осындай пайдалы дүние жасауға болатынын көру – үлкен мотивация. Сол орындықта адамдардың отырып демалып жатқанын көрсем, еңбегіміздің зая кетпегеніне қуанып, шабыт аламын. Осындай бастамалар көбейсе, қаламыз да, санамыз да өзгереді деп сенемін.

Бетті әзірлеген
Аяжан СЕРІККЫЗЫ.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ	€ EUR/KZT 639,02 теңге	$ USD/KZT 544,87 теңге	₽ RUB/KZT 6,88 теңге	¥ CNY/KZT 76,02 теңге